№04 (66) / Сәуір 2021 жыл / WWW.BILIMSHINI.KZ

# БІЛІМ ШЫҢЫ-
## ҒЫЛЫМ СЫРЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК, ТАНЫМДЫҚ, МӘДЕНИ-РУХАНИ ЖУРНАЛ



*ЖАНАБАЕВА Марина Сейдуалиевна,*
*Түркістан облыстық адами әлеуетті дамыту басқармасының*
*Мектепке дейінгі, орта білім беруді дамыту*
*және жаңа технологиялар бөлімінің бас маманы.*
*Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің құрметті қызметкері,*
*ҚХА 25 жылдық мерейтойы медалінің иегері*





# ТҮРКІСТАН - ТҮРКІ
## ӘЛЕМІНІҢ РУХАНИ АСТАНАСЫ

# «АСЫҚАТА» МЕКТЕБІ – мақтанымыз,

## Шәкірттер - шаттығымыз, ақ таңымыз






*БЕКТУРСЫНОВ Ержан Ерханович,*
*№39 «Асықата» жалпы орта мектебінің директоры.*
*Түркістан облысы, Жетісай ауданы*

10-11 бет







# Білім шыңы-Ғылым сыры журналы, Ұстаздардың сенімді дос, нұрлы әні



*ЕСЕН Бақыткүл Артыққызы,*
*бас редактор*

Баспасөз науқаны басталды. «Білім шыңы - Ғылым сыры» журналының шығармашылық ұжымы Қазақ Елінің барлық ұстаздар қауымын журналымызға жазылып, бірге болуға, жас ұрпаққа сапалы білім, жақсы тәрбие беру жолында ынтымақтасуға шақырады. Білім шыңына ұмтылған ұстаз «Білім шыңы - Ғылым сыры» журналымен бірге болса, бағынбайтын биік, алынбайтын асу болмайды деп сенеміз. Ұлт ұстазы атанған Ахмет Байтұрсынұлының «Мектептің жаны – мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектеп сондай болмақшы. Яғни, мұғалім білімді болса, ол мектептен балалар көбірек білім алып шықпақшы. Солай болған соң, ең әуелі мектепке керегі – білімді, педагогика, методикадан хабардар, жақсы оқыта білетін мұғалім» деген асыл сөзі ғасырлар өтсе де өзекті болып қала береді деп ойлаймын. Ғылым мен технологиялар көз ілеспес жылдамдықпен дамып жатқан қазіргі кезде жас ұрпаққа сапалы білім беру қай кездегіден де маңызды болып тұр. Әлемде бәсекеге қабілетті мемлекеттердің ғана болашағы жарқын болатыны баршаға аян. Бәсекеге қабілетті, дамыған елге айналған мемлекеттердің мол тәжірибесі үлкен жетістікке тек білім мен ғылымды дамыту арқылы ғана жетуге болатынын көрсетіп отыр.

Біздің елімізде де білім саласын басым бағытта дамытып, «Педагог мәртебесі туралы» Заң қабылдап, ұстаздардың жалақысын жыл сайын көбейтіп жатқаны қуантады. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» деген халқымыз. Ұстазсыз адам болмайды. Бәріміз де кезінде мұғалімнің тәлімін алып, білімін үйрендік. Сондықтан болашаққа жол сілтейтін мұғалімнің еңбегін лайықты бағалау – өте маңызды міндет» деген сөздерін Қазақ Елінің жарқын болашағын айқындайтын аса маңызды шешім деп білеміз. Коронавирус індеті жайлаған әлемдегі сияқты біз де оқушыларға негізінен қашықтан оқыту арқылы білім беруге мәжбүр болып отырмыз. Қашықтан оқытудың қиындықтарымен бірге тиімді жақтары да бар екенін байқай бастадық. Ұстаздар мен оқушылардың денсаулығын сақтай отырып, білім беруді жалғасты-рудың басқа жолы да жоқ. Мемлекетіміз мектептерді барлық қажетті жабдықтармен қамтамасыз етіп, мұғалімдердің жалақысын жоғарылатумен бірге олардың біліктілік деңгейіне де биік талаптар қоюда. Осы жағдайларды ескере отырып, біз, «Білім шыңы - Ғылым сыры» журналының шығармашылық ұжымы, әрдайым жаңаша жұмыс жасап, ұстаздардың білікті-лігін арттыру үшін журналға ең қажетті материалдарды жариялауға ұмтылудамыз. Журналымыздың «Озат тәжірибе – баршаға ортақ», «Үздік сабақ», «Ізгілікке жол ашқан», «Мерейлі мектеп», «Білім тынысы», «Білімнің жаңа жүйесі», «Болар елдің баласы», «Ғылымға қадам», «Жыр жазамын жүрегіммен», «Құрмет тақтасы» сияқты айдарлары бойынша жарияланған сапалы материалдардан ұстаздар қауымының үйренері көп деп сенеміз. Интернетте жылдам жарияланып жатқан материалдардың бәрі негізінен ақпараттық сипатта болатыны белгілі. Біз әдістемелік материалдарды жариялау арқылы әрдайым өзекті болатын ақпараттарға көңіл бөліп келеміз. Сондықтан да журналымызға жазылған ұстаздардың өз біліктілігін арттыруға мүмкіндігі мол.

Баспасөз науқаны басталды. «Білім шыңы - Ғылым сыры» журналының шығармашылық ұжымы Қазақ Елінің барлық ұстаздар қауымын журналымызға жазылып, бірге болуға, жас ұрпаққа сапалы білім, жақсы тәрбие беру жолында ынтымақтасуға шақырады. «Білім шыңы - Ғылым сыры» журналы, ұстаздардың сенімді дос, нұрлы әні. Туған елдің Туын биік ұстайтын, тәрбиелеу керекпіз біз тұлғаны.

Әрдайым бірге болайық, білім алауын бірге жағайық!

# ТҮРКІСТАН – ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ РУХАНИ АСТАНАСЫ

*ЖАНАБАЕВА Марина Сейдуалиевна,*
*Түркістан облыстық адами әлеуетті дамыту басқармасының Мектепке дейінгі, орта білім беруді дамыту және жаңа технологиялар бөлімінің бас маманы. Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің құрметті қызметкері, ҚХА 25 жылдық мерейтойы медалінің иегері*



Түркістан Алаштың мақтанышына, қазақтың ғажайып қаласына айналды. Түрленген Түркістанды бір көрсем деп армандайтындар көп бүгінде. Түркілердің төрі болған, киелі жері болған Түркістанның аз ғана уақытта көркейіп кеткеніне, керемет қалаға айналғанына таңқалмаған жан жоқ шығар.

2021 жылғы 31 наурызда «Түркістан – түркі әлемінің рухани астанасы» тақырыбында Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесінің бейресми саммиті бейнеконференция арқылы өтті. Бұл саммит Мұстафа Шоқайдың «Түркістан, тұтас бол!», Тұрар Рысқұлұлының «Түркітілдес, түгел бол!» деген армандарының жүзеге асып жатқанының айғағындай болды. Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесінің бейресми саммитінде «Түркістан Декларациясы» қабылданды.

«Түркістан Декларациясы» күллі Түркі әлемі халықтарының бірігуіндегі Түркістан қаласының рухани маңыздылығын мойындап, Қожа Ахмет Яссауи ислам құндылықтарын насихаттайтын түркі мектебінің негізін қалаған және бүкіл түркі әлемінде философияның дамуына зор ықпал еткен көрнекті және рухтандырушы тұлға ретінде қалдырған мұрасын жоғары бағалап, Түркістан қаласын Түркі әлемінің рухани астанасы деп жариялады. Болашақта ротациялық негізде Түркі әлемінің өзге де әйгілі көне шаһарларына осы іспеттес мәртебе беруге мүмкін болатыны туралы мәлімдеді.

Түркістанның түркі әлемінің рухани астанасы деп жариялануы Қазақ Елінің мәртебесін биіктетіп, абыройын асқақтатқаны даусыз. Сондай-ақ тарихы терең Түркістан қаласына 3000 жыл болғандығын дәлелдеген тарихи деректердің табылуы да төл тарихымыздағы аса маңызды оқиға болды.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында «Біздің мақсатымыз – келер ұрпаққа Қазақстанды тұғыры мығым, экономикасы қуатты, рухы асқақ мемлекет ретінде табыстау және елдік істерді шашау шығармай лайықты жалғастыратын жасампаз ұрпақ тәрбиелеу» деп атап өткен болатын.

Қазақ Елінің





отансүйгіш, жасампаз ұрпағын тәрбиелеу жолында Түркістан облысынының ұстаздар қауымы да аянбай еңбек етіп келеді.

Қазақстан Республикасы «Тәуелсіздігінің 30 жылдығы» және Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесінің бейресми саммиті аясында 2021 жылғы 23 наурыз – 1 сәуір аралығында Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының басшысының орынбасары Ардақ Мәдіханқызы Садықова бастаған Түркістан облысының алдыңғы қатарлы 15 аудан, қалалық адами әлеуетті дамыту бөлімдерінің басшылары мен білім қызметкерлері Түркия Республикасының Анталия қаласына іссапарда болып қайттық.

Білім қызметкерлері Халықаралық «Қазақстан педагогтері» ассоциациясы, Бельгия Корольдығындағы қазақ «Шаңырақ» қоғамы, «Antalya Bilim University», «Yer yuzu koleji» ұйымдастыруымен «Қазақ-түрік білім беру ісі мен педагогтер біліктілігін арттырудың заманауи үрдісі» тақырыбында өткен халықаралық педагогикалық конференция жұмысына қатысып, іс-тәжірибе алмастық.

Аталған шараның негізгі мақсаты: Түркияның білім беру ісіндегі озық тәжірибелерге ие білім беру ұйымдарымен ынтымақтастық орнату арқылы Қазақстан педагогтерінің халықаралық деңгейде тәжірибе алмасуына жағдай жасау.

Білім қызметкерлері «Yer yuzu koleji» білім ордасының кешегісі мен бүгінімен толық танысып, «Antalya Bilim University» білім ордасының оқушыны білімге, өмірге дайындаудың жолдары негізінде тәжірибе алмасып, Түркия мемлекетінің білім беру жүйесімен толық танысып, Анталия жергілікті мектептерінің білім беру жүйесі және XXI ғасырға бейімделген жағдайымен бөлісіп, Түркия мемлекетінің білім беру жүйесінде озық тәжірибе ретінде көрсете алатын методикалық ерекшеліктерімен танысып, Түркия мемлекеті мектептерінің халықаралық PISA емтиханына дайындығы қалай жүзеге асырылатындығын көрді (Ең соңғы PISA-2018 нәтижесі бойынша Түркия 80 мемлекеттің ішінде 39 орынға тұрақтаған).

Аталған конференцияда Қазақстандық ұстаздардың да тікелей тәжірибе алмасуына мүмкіндік қарастырылды. Атап айтқанда:

- Ағымдағы жылы «Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығы» қарсаңында құрылған Халықаралық «Қазақстан педагогтері» ассоциациясының тұсаукесері өткізілді;
- «Тәуелсіздіктану» педагогтер көзімен» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді;
- Нұр-Сұлтан қаласының ұстазы Б.Т. Қайырғалиеваның «Тәуелсіздікке тарту» сериясымен жарық көрген «Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы» АҚ-мен бекітілген «Салауатты ұрпақ» мектепке дейінгі тәрбие мен білім беруге арналған дамытушы ойынының таныстырылымы өтті;
- Отандық «B: USTAZ» Біріккен ұстаздар клубының тәжірибесі таратылды;
- Қазақстанның әр өңірінен, оның ішінде Нұр-Сұлтан, Қызылорда облысы және Түркістан облысының білікті ұстаздары да өз тәжірибелерімен бөлісті. Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының басшысының орынбасары Ардақ Мәдіханқызы Садықова облыстың білім жүйесімен таныстырса, мен, облыстық адами әлеуетті дамыту басқармасының Мектепке дейінгі, орта білім беруді дамыту және жаңа технологиялар бөлімінің бас маманы Марина Сейдуалиевна Жанабаева, «Тәуелсіздік тарихының білім беру ісіндегі құндылығы» тақырыбында білім саласында 30 жылда орын алған тың өзгерістер мен қол жеткізген жетістіктер туралы айтып бердім, ал Төлеби аудандық адами әлеуетті дамыту бөлімінің басшысы Роза Аманова оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, жергілікті туризм саласын дамыту жөнінде құнды пікірлерімен ой бөлісті.
- Тәуелсіздігімізді мойындаған ең бірінші мемлекет ретінде, түрік педагогтерімен алдағы уақытта да білім саласын дамыту мақсатында оларды да елімізге



шақырып, Қазақ Елінің де тарихи Астаналары мен Түркістан секілді қасиетті өңірлеріне саяхат турларын ұйымдастыру сынды екі жақты әріптестік меморандумға қол қойылды.

Қазақстандық ұстаздар Анталиядағы Коньяалты ауданы Білім басқармасының басшысы Халила Юнал мырзаның, Бахчешехир Коньяалты жекеменшік мектебінің құрылтайшысы Шакира Улучай ханымның «Бахчешехир және Угур оқу орындарының білім жүйесі», Бахчешехир Коньяалты жекеменшік мектебінің директоры Рамазан Шахин мырзаның «Физика-техникалық лицей Бахчешехир», Бахчешехир Коньяалты жекеменшік мектебі директорының орынбасары Бахадыр Койуджу мырзаның «Түрік білім беру жүйесі», Бахчешехир Коньяалты жекеменшік мектебі директорының орынбасары Пырыл Айман ханымның «Түркиядағы PIZA және өзге халықаралық емтихандар» тақырыбында баяндамаларын тыңдап, пікір алмасты.

Барлық қатысушыларға «Antalya Bilim University», «Yer yuzu koleji», Бельгия Корольдығындағы қазақ «Шаңырақ» қоғамы тарапынан Халықаралық сертификаттар табыс етілді.

Сонымен қатар, «Тәуелсіздіктің 30 жылдығы» атты елеулі жылды Қазақстан педагогтері арасында айрықша қадірлеп, іс-шара аясында қазақ-түрік Білім беру саласындағы заманауи үрдістер жолында екі жақты ынтымақтастық орнатып, алдағы уақытта қазақстандық мұғалімдердің халықаралық деңгейде тәжірибе алмасуына мүмкіндік тудыратын іс-шаралар қолдау тапты.

Жуырда Түркістан қаласына осындай маңызды іс-шараны ұйымдастырушы, Халықаралық «Қазақстан педагогтері» ассоциациясының директоры Лариса Жұмадуллақызы Алдабергенова ханым арнайы атбасын бұрып, басқарма басшысының орынбасары Ардақ Мәдіханқызы Садықовамен арнайы кездесіп, алдағы уақытта Б.Т. Қайырғалиеваның «Салауатты ұрпақ» мектепке дейінгі тәрбие мен білім беруге арналған дамытушы ойынының таныстырылымын өткізу жоспарланып және білім беру саласы қызметкерлеріне Президенттің «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» мақаласын оқыта отырып, Тәуелсіздіктің қадірін түсіндіру, ізденуге жетелеу, мақаланы талқылау мақсатында Елдің тәуелсіздік алу жолындағы тарихын аз да болса зерделеуге бағыт беретін, мүмкіндік беретін «Тәуелсіздіктану» жобасы қолға алынды.

Алдағы уақытта тың бастама облыс педагогтері арасында бастау алып, ұстаздарымыздың білімі мен тәжірибесін жетілдіру жолында оң ықпалын тигізеді деген сенімдемін.

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ Ы.АЛТЫНСАРИН АТЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ АКАДЕМИЯСЫ ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ

# АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

## Құрметті білім беру саласының қызметкерлері!



Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ы.Алтынсарин атындағы ұлттық білім академиясының президентінің қолдауымен Шымкент қаласы Білім басқармасының әдістемелік орталығының жылдық жоспарына сәйкес Ы.Алтынсариннің 180 жылдық мерейтойы аясында «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша ПҚБАИ, Жамбыл облысы оқу-әдістемелік кабинеті, Қызылорда облысы «Оқу орталығы», Түркістан облысы әдістемелік орталығы, Жамбыл облысы оқу-әдістемелік кабинеті қызметкерлерінің қатысуымен «Ы.Алтынсарин: Ұлттық педагогика, методология» тақырыбында аралас форматта аймақтық онкүндік өткізетінін хабарлайды.

Онкүндіктің мақсаты: Ұлы дала педагогы Ы.Алтынсарин еңбектерін педагогтер арасында кеңінен насихаттай отырып, педагогикалық заманауи әдіснамалық негіздеріне тәжірибелік қолдау таныту.

Онкүндікке Жамбыл, Қызылорда және Түркістан облысының білім беру ұйымдары, ТЖКББ және ЖОО-ның барлық педагогтер қауымы қатыса алады.

Іс-шара жұмысы қазақ, орыс тілінде жүргізіледі.

Онкүндікті өткізу мерзімі мен орны: 2021 жылдың 15-28 сәуір аралығында (оффлайн, онлайн) форматта (сілтемесі қосымша жіберіледі).

Онкүндік іс-шараға белсенді қатысқан педагогтерге аймақтық дәрежедегі алғыс хат пен сертификат беріледі.



# НӘТИЖЕГЕ БАҒЫТТАЛҒАН БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ

***МЫРЗАЛИЕВА Нұрсұлу,***
***Мақтаарал ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің математика, физика пәндерінің әдіскері.***

Қазақ халқының мәртебесінің биік болуы қоғам мүшелерінің, келешек ел болашағы - жас ұрпақтың белсенділігі мен іскерлігіне тікелей байланысты болмақ. Ендеше саналы, салауатты, халқымыздың барлық дәстүріне де, әлем мәдениетіне де қанық ел тізгінін ұстай білетін ұрпақ тәрбиелеу ұстаздар қауымына сеніп тапсырылып отыр. Қазіргі заманғы білім беруге қойылатын басты талап - оның сапасын арттыру. Ал, берілген білім сапалы болуы үшін:

1. Мұғалім теоретик болып қана қоймай, ол баланың психологиялық ерекшеліктерін жете білуі және бейімділік қабілетін анықтай білуі керек. Білім беру процесі тәрбиемен үнемі ұштастырыла жүргізілуі тиіс.

2. Білім беру процесінде баланың іскерлік қабілетін қалыптастыру үшін ата-анамен байланыс ұдайы жүргізіліп отыруы керек. Ата-анамен кездесу барысында баланың үйде қанша уақытын және қалай сабақ оқуға арнайтынын біліп отыру және ол жөнінде ата-анамен ашық пікірлесіп отыруы қажет.

3. Мұғалім өз пәнін қызықты етуі үшін түрлі әдіс-тәсілдерді жетік меңгеруі және оларды тиімді қолдана білуі қажет.

Білім берудің басты мақсаты - жедел дамып келе жатқан әлем жағдайында алынған терең білімнің кәсіби дағдыларының негізінде өз бағытын еркін анықтайтын, өз мүмкіндіктерін іске асыра алатын, өзін-өзі дамыта алатын жеке тұлғаны қалыптастыру.

Жеке тұлғаны қалыптастыруда баланы оқыта отырып, оның еркіндігі мен белсенділігін қалыптастыра отырып, оның шығармашылық қабілетін аша білу - әрбір ұстаздың міндеті болып қала бермек. Мұндай бағыттағы шараларды жүзеге асыру үшін бүгінгі күн талабы - оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру қажет.

Қазіргі білім беру саласында оқытудың жаңа технологияларын зерттеп, оқып-үйреніп, оларды меңгермейінше сауатты жан-жақты маман болуы мүмкін емес.

Қазіргі заманғы оқыту технологияларына келесі талаптар қойылады:

- оқу мақсатымен оқыту мақсатының нақты қойылуы мен оның ғылыми негізделуі, оқу іс-әрекетінің нәтижесінің жоғары сапалы болуы;
- оқу процесінде қарым-қатынастың еркін болуы;
-оны үнемі жетілдіріп, толықтырып отыру мүмкіндігінің болуы.

Осы орайда өз тәжірибемнің негізінде оң нәтижеге қол жеткізу үшін алдыма мынадай мақсат қойдым: дүниетанымы кең, жаңалыққа жаны құмар, ізденімпаз, шығармашылық қабілеті дамыған жеке тұлға қалыптастыру.

Осы мақсат негізінде алдыма мынадай міндеттер қойдым:

-жас ұрпақтың қабілеті мен талантын ашу;
-шығармашылық, логикалық ойлау қабілеттерін жетілдіру;
-өз әрекеттеріне сыни тұрғыдан қарауға баулу.

Мұғалімнің шығармашылық жұмысы алғашқы сабаққа даярлығынан басталады, яғни өтілетін сабақтың жоспарын құру, оның өткізу әдістемесін жасау, оқушылардың қабілеттері мен жас ерекшеліктерін ескере отырып, иллюстрациялық, техникалық құралдарды, дидактикалық материалдарды пайдалану.

Мұғалімнің осы шығармашылық әрекеті арқылы оқушының шығармашылық қабілеті қалыптасады. Оқушыны шығармашылық ойлауға, шапшаңдыққа, икемділікке, тапқырлыққа баулу ол мұғалімнің әр сабағында қалыптасып отыруы тиіс.

Оқушы шығармашылығы үнемі сынып ұжымы, ата-аналар тарапынан қолдау тауып отыруы тиіс. Мұғалімнің ең үлкен міндеті - шығармашылық бағыт-бағдар беріп отыруы. Шығармашылықпен айналысуы үшін жеке дара оқушы емес, сыныптың, мектептің бүкіл балалары ойласуы үшін мүмкіндік туғызу, өзара шығармашылық қарым-қатынас, шығармашылық ахуал орнату қажет.

Оқушының шығармашылық қабілеті оның ойлауы мен іс жүзіндік әрекеттері арқылы дамиды. Ойлауға үйрететін сабақтарды жүргізуде, алдымен, мұғалім мен оқушы арасында ынтымақтастықты қалыптастыру қажет.

Мұғалім бұл жағдайда дайын білімді түсіндіріп қоюшы, бақылаушы, бағалаушы емес, танымдық іс-әрекетін ұйымдастыратын ұжымдық істердің ұйтқысы болуы тиіс.

Оқушылардың пәнге қызығушылығы:

1. Жақсы ұйымдастырылғын сабаққа байланысты. Әр сабақ алдыңғы сабақты қайталамайтындай етіп ұйымдастырылуы керек, яғни әдіс-тәсілдерді түрлендіріп отыру қажет.

2. Сабақта мәселелік жағдай туғызып отыруға да байланысты. Мәселенің шешімін табу арқылы оқушылардың ойлау қабілеті нығайып, кез келген мәселені шешуге үйренеді.

3.Сыныпта тек жақсы оқитын оқушылармен жұмыс істеп қана қоймай, барлық баланың дамуына қолайлы жағдай туғызып, қабілеті жеткен жерге дейін еңбек

етуінің ойластырылуына да байланысты.

Оқушыны оқыта отырып, қабілетсіз оқушы болмайтынын, оқушылардың дара қасиеттерін аша білуге болатынын жаңашыл ұстаз түсінеді және өзінің жас ұрпақ бағбаны болатындығын сезінеді.

Жаңа әлем болашағын даярлайтын жаңашыл ұстаз атану үшін, әрбір мұғалім:

-өз білімін ұдайы, табандылықпен жетілдіріп отыруы;

-тапсырылған іске жоғары жауапкершілікпен, сүйіспеншілікпен қарауы;

-өз мәдениетін жетілдіріп отыруы;

-педагогтік, психологиялық білімін жетілдірумен қатар, сол білімін күнделікті ісінде шебер пайдалана білуі керек. Дүние жүзінде ғаламдану үрдісі жүріп жатқандықтан, ақпараттар ағыны көбейеді. Мұғалім қай пәннен сабақ бермесін, ол баланың өмірдің әр саласына қатысты кез келген сұрағына жауап беруге даяр болуы керек.

Жаңа әлемдегі әрбір мұғалімнің алдында білім негіздерін өз бетінше оқып үйренуге оқушыны баулу міндеті тұр. Өзінің оқушысын өз бетінше білім алуға үйретпеген мұғалім түпкі нәтижеге қол жеткізе алмайды. Жан жақты даму үшін балаға мұғалім ғана көмектесе алады.

Математика - оқушылардың ойлау қабілетін қалыптастыратын және дамытатын негізгі пән. Ол оқушылардың интеллектін, логикалық ойлауын және шығармашылық қабілеттерін дамытуға, табиғат заңдылықтарын толығымен түсінуге ықпал жасайды. Оның мақсаты: жаңа ақпараттық дамыған қоғамда оқушыларды белсенді шығармашылық іс-әрекетке дайындау. Бұл мақсатқа жету үшін жаңа ақпараттық технологияларды сабақ беру процесіне пайдалану қажет.

Сондай-ақ түрлі инновациялық технологияларды тиімді пайдалану да математика пәнін оқытуда өз жемісін бермек.

Оқулықпен жұмыс істей білу, бұл да оқушылардың есте сақтау, ой белсенділіктерін арттырудың бірден-бір жолы болып табылады. «Түртіп алу» әдісінде оқушы белгіліден белгісізге қарай көше отырып, сол белгісізді өз бетінше табуға ұмтылады. Өз бетінше өз ойларымен жасалған еңбек оқушыны шыңдайды, есте сақтау қабілетін арттырады.

«Венн диаграммасын» қолдана отырып, оқушы бір нәрсені екінші нәрсемен салыстыруға, олардың өзіндік ерекшеліктерін айқындай білуге дағдыланады.

Қорыта айтқанда, XXI ғасыр әлемдік «ашық ақпараттық» қоғамға айналып отыр. Болашақ білім ошағы - бұл «ақпараттық ғасыр» ордасы. Оның негізі - өз бетінше жетіле алуға қабілетті, жалпы және кәсіби мәдениетті меңгерген бәсекеге қабілетті маман. Жаңа ақпараттық технологиялар, мультимедиалық сабақтар - бұл оқытудың сапасын көтеруге үлкен септігін тигізері анық. Ұстаздық жол ол оқушыға білім беруде жаңа көз қарасты тудыра алатын, өз ойын еркін жеткізетін, кез келген шешімді таба алатын жаңа тұлғаны тәрбиелеудің бірден-бір жолы.



# ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ АТА-АНАСЫНЫҢ АЖЫРАСУ ЖАҒДАЙЫНА БЕЙІМДЕЛУІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

***АМАН Арайлым Серікқызы,***
***Әл-Фараби атындағы №145 жалпы білім беретін мектебінің педагог-психологы.***
***Алматы қаласы***

«Ел болам десең, бесігіңді түзе», «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің», «Отан отбасынан басталады» деген дана халқымыздың мақал-мәтелдері ежелден күнделікті өмірде, салт-дәстүрлерде өз көрінісін табады. Жетімін жылатпаған, жесірін қаңғыртпаған халық, «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» деп тұжырымдаған бабаларымыздың бұл жазылмаған заңдылықтары қазірде қаншалықты сақталуда?

Қазіргі кездегі психологияда адамның қиын, жағымсыз, сыни жағдайлардағы психологиялық ерекшеліктерін зерттеу өте өзекті болып отыр.

Қазіргі кездегі ажырасу санының көбеюіне байланысты (әлеуметтанушылардың есебі бойынша, әрбір некелескендердің екіншісі ажырасады, осыдан он жыл бұрын әрбір үшінші жұп ажырасатын болған) ажырасқан адамдардың проблемаларын құрылымдық түрде шешу жолдарын іздеу, дағдарыстық жағдайларды жеңуге психологиялық көмек көрсету тек қана психология ғылымы үшін ғана емес, сонымен қатар, жалпы қоғамның алдында тұрған ең үлкен міндет болып табылады.

Отбасы мүшелері үшін, әсіресе, балалар үшін ажырасу үлкен психологиялық жарақат болып есептеледі. Ажырасу қандай себептерден пайда болмасын, оның өзінің адамдардың көбі елемейтін терең психологиялық негізі бар. Ол ажырасушы жұптар мен олардың балаларына және өмірлік іс-әрекеттерінің барлық жағына өз әсерін тигізе отырып, олардың физиологиялық және психологиялық денсаулығына да белгілі бір деңгейде кері әсер етеді. Отбасындағы ажырасу мәселесін кең ауқымда қарастырған авторлардың бірі С.С.Седельников бойынша, ажырасу жағдайында адам ішкі психологиялық әлеміндегі тұрақсыздығымен қатар, әлеуметтік тұрғыдан да, мысалы, қарым-қатынас формасында, белсенді іс-әрекет барысында да тұрақсыздық көрсететіндігін атап көрсеткен болатын. Сонымен қатар, ажырасқан адамдардан некенің құлауы, сол жағдайға бейімделу мен жаңа өмір стилінің пайда болуы туралы мәліметтерді бір мезгілде шешу талап етіледі.

Отбасылық өмірдің дұрыс ұйымдаспауы және ерлі-зайыптылар арасындағы конфликтілердің болуы әсіресе

ажырасу статистикасынан анық байқалады.

Ажырасу – бұл отбасылық өмірдің дұрыс ұйымдаспауының, ұрыс-керіс, жиналған ашу-ыза, реніш және келеңсіздіктердің ұзақ уақытқа созылуының мәресі.

Психологтар мен әлеуметтанушылар алдында тұрған үлкен мәселе нақты неке жұптарының құлдырауының бірлік фактісі емес, ажырасу жағдайының әлеуметтік мәселелері мен отбасылық өмірдің дұрыс ұйымдаспауына әкелетін жағдайлардың жиынтығын қарастыру болып табылады.

Отбасындағы ажырасу жағдайы тек ерлі-зайыптылардың ғана эмоционалды-тұлғалық сферасына әсер етіп қоймай, сонымен қатар, олардың балаларының, әсіресе, жасөспірімдік шақтағы балаларының эмоционалды-тұлғалық сферасының бұзылуын да қамтиды. Бұл жерде біз жасөспірімнің ата-анасы ажырасуын қалай қабылдайтынын, қандай реакциялар болатындығын немесе бұл жағдайда балада қандай күйзелістер туындайтынын түсінгіміз келеді. Бірақ ажырасуды қайғыру кезеңінде нені түсінуіміз керек, және бұл қайғыру басқа қайғылармен салыстырғанда қандай? деген мәселе туындайды. Бала үшін ажырасудың заң түріндегі актісінің ешқандай жанама ролі жоқ, яғни оның ата-анасы заңды түрде некеде ме, жоқ әлде заңсыз түрде ме - ол оған маңызды емес. Бірақ кей кезде ата-анасы заңды түрде некелескен болса да, заңды түрде ажырасу отбасылық қарым-қатынаста тек қосымша рольде болуы мүмкін. Мысалы, ажырасудан кейін де ата-аналар кейбір кезде әрі қарай да жалғасымды түрде бірге тұра береді.

Сонымен, біз мынадай ой түйініне келеміз, ата-аналардың ажырасуын міндетті түрде ажырасудың психологиялық моменті деп белгілеу қажет. Себебі, көптеген ажырасуларға ата-ананың ұзақ уақыттық конфликтілері түрткі болуы мүмкін деген дәлел жиі кездеседі. Ата-ананың ұзақ уақыттық конфликтілері кезінде олар бірнеше рет ажырасып, қайта қосылуы мүмкін.

Ата-анасының ажырасу жағдайына әсіресе жасөспірімдердің жанама реакциялары көп жағдайда өте күшті болады. Жасөспірімдердің өздерінің бағалаулары бойынша, стресс тудыратын өмірлік мәселелер ішінде ата-анасының ажырасуы ата-аналардан, туған аға-әпкесінен, жақын достарынан айырылудан кейінгі төртінші орында тұр. Ажырасу жағдайына байланысты жасөспірімдерде ең көп кездестін реакциялар:

Болған жағдайды терістеу, сенбеуге тырысады. Жасөспірім өзін ата-анасының арасында ешқандай шиеленістер жоқ деп сендіруге тырысады. Олардың түсіндіргенін тыңдағысы да келмейді, ата-анасының әлі де болса қайта ойланып, қосылып қалар деген үмітпен өмір сүреді. Көпшілік балалар өзінің ата-анасы қайтадан қосылады деген үмітпен өмір сүрулеріне байланысты мынандай мәліметер келтіруге болады: 5-7 жастағы балаларда 65,7% болса, жасөспірімдік кезде ол көрсеткіш азаяды, дегенмен де 16% - ды құрайды.

Үрей, қорқыныш, болашағына деген сенімсіздік, жасөспірімнің әлемді эгоцентрлік қабылдауы ретінде оны ең алдымен, жеке өмірінде болуы мүмкін өзгерістер қобалжытады. Сонымен қатар, тұратын жерінде, оқу орнында, материалдық жағдайда болатын ауысулар да алаңдатып, қобалжулар туғызады. Осыған қоса, жасөспірімдер өз қатарластарынан отбасылық мәселелері үшін ұялу сияқты қиындықтар туындайды.

Жасөспірімнің ажырасу жағдайына деген реакциясының психологиялық бейнесін құру үшін оның мінез-құлқын немесе симптомдарын ескеру қажет. Мінез-құлық ерекшеліктері қайғыру реакциясы ішінде аффект түрінде болуы мүмкін, бірақ олар сонымен қатар ерекше қорғану механизмдері және бейсаналы құмарлық арасындағы конфликтілерден тұратын күрделі невротикалық жағдайларды бейнелеуі мүмкін. Бірақ маңызды деп есептелетін жағдай, ол ерекше аффектілер немесе психикалық конфликтілер ешбір жағдайда сырттан көрініс таппауы керек, өйткені оларды үлкен адамдар «қалыпсыздық симптомдары» ретінде қабылдайды.

Жер бетінде біз өте қатты жақсы көретін адам егер бізді аяқ астынан ешқандай ескертусіз тастап кетсе, не болатынын елестету өте қиын. Бірақ көптеген ата-аналар бала үшін бұл жағдайдың қаншалықты маңызды екендігін түсіне бермейді. Үйден кеткен әкесі тек үй ошағын, әйелін, балаларын ғана тастап қоймайды, балалары да тек ата-аналарының ажырасуын қайғырып қана қоймай, оған қоса, өзінің әкесінен (немесе анасынан) айырылғанын да ойлайды.

Ажырасудан кейінгі күйзелісті барынша жеңілдету үшін баланың үйден бөлек кеткен әкесімен (анасымен) ашық сөйлесіп, бос уақыттарын бірге өткізуі, материалдық және рухани жағынан қамтамасыз етіп, баланың өзіне керек екеніне, қандай жағдай болмасын әкесі (анасы) баласын жақсы көретінін сездіртуі маңызды.

Әсіресе, толық емес отбасында ұл балаларға өте қиын болады: олар қоғамды әйел билейді, ал ерлер ешкім емес деген ойға келуі де мүмкін. Осыған қарамастан олар өз аналарын қорғаумен болады да, өз жеке өмірлерін елестете де алмайды. Нәтижесінде, олар өздерінің гетеросексуалды құмарлықтарын сезінбейді де. Кейбір жағдайларда керісінше, жасөспірімдер аналарына қарсы шығып, үйден қашуы да мүмкін. Осының барлығының нәтижесінде жасөспірімдер әйелдерге жаман іс-әрекет жасауға бейім болып тұруы да осыдан.

Отбасыдағы ата-ананың ажырасу жағдайы тек ұл балаға ғана әсерін тигізіп қоймай, сонымен қатар қыз балаларға да біршама кері әсер етеді. Қыз балаларға да, ұл балаларға секілді әйел мен ер адамның қарым-қатынасы туралы бұрмаланған түсініктер тән болады. Нәтижесінде олардың жыныстық идентификациясы өте өзгермелі келеді.

Кейбір жағдайларда бала ата-анасының ажырасуында өзін кінәлі деп санап, әкесін (немесе анасын) ұстап қала алмағандығына қатты қайғырады.

Ажырасып жатқан ата-анасының өмірінде өзінің маңызды еместігін, ажырасуға қалай да болса бөгет жасай алмау, өзінің әлсіздігін сезінуінің барлығы ашу-ызаға әкеп соғады. Баланың ашу-ызасы ата-ананың екеуіне де бағытталуы мүмкін, мұндай ашу-ыза ата-ана үшін баланікіне қарағанда өздерінің жеке сұраныстары мен қажеттіліктері маңыздырақ болған кезде осы арқылы олар балаға ауырлық келтіретіндіктерін түсінген уақытта пайда болады.

Қорыта келе, ажырасудың бала психологиясына әсері ауыр болатыны сөзсіз. Ол болашақ тұлғаның қалыптасуына кедергі келтіріп, әрі болашақта сол баланың отбасын құруға деген қорқынышына әкеп соғуы мүмкін. Егер баланың санасын таза кітапқа теңесек, оның авторы – ата-ана, редакторы – мұғалімдер мен психологтар, көркемдеуші редакторы – айналасындағы достары мен қатарластары. Сондықтан толық емес отбасындағы балалардың санының азаюы мен сапасының жақсаруы үшін, тек психологтар емес қоғам болып бірге атсалысуымыз, біздің қазақ бабаларымыздың асыл мұрасын жалғастырушы ұрпақ ретіндегі парызымыз. Отбасылық өмірге аяқ басқан ерлі-зайыптылар, бір-бірі үшін және болашақ ұрпақ үшін жауапкершілігі барын сезініп, балаларына үлгі-өнеге көрсете отырып, отбасын өмірінің бар байлығы, құндылығы ретінде қабылдаса, болашақ ұрпақ та, қоғам да жақсарады деп сенемін.



# ҚАСИЕТТІ ТІЛІМНЕН ТҮҢІЛМЕДІМ

***ЕЛУБАЕВА Алтынай Келдибаевна,***
***С.Қожанов атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.***
***Түркістан облысы, Арыс қаласы***

Қазақ поэзиясындағы аса көрнекті ақындардың бірі, әдебиет бәйгесінде оза шапқан, өлең-жырда шашасына шаң жұқтырмаған ерен жүйрік, дара тұлға, ақын Мұқағали Мақатаев жөні бір басқа. Рухани құндылығы асқақ қазақ әдеби мұрасынан күш-қуат алған ақын қаламынан өрбіген әрбір өлең, әрбір жыр-шумақтары поэзия әлемін бағындыра білген. Ақиық ақын шығармашылығына арқау болған тақырыптар тізбегі әр алуан. Адамгершілік, достық, тамылжыған табиғат, тұғыры биік тәуелсіздік, жалынды жастық пен ыстық махаббаттың өлең жырларында үйлесімділік тауып, ақынның ақындығына сәуле түсіріп, мәңгі жарқыратып, әдебиет төрінен орын алғанын айқындай түскендей. Дүниедегі бар құбылысты, санадағы сан қырлы сезімді бір-ақ ауыз сөзбен жеткізе білген, сөз маржанын бейнелі өрнекпен кестелей білген Мұқағалидай ақын - қазақтың маңдайына біткен жарық жұлдыздардың бірі. Иә, мен Мұқағали ағамызды көрген жоқпын, бірақ оның жырына қанықпын. Оның әрбір өлеңін тебіренбей, толғанбай оқу мүмкін емес, тіпті тұла бойыңды тулатады. Ақын өлеңдері бірде қайғыртып бірде қуанта, бірде жылатып бірде жұбата отыра қалың оқырман жүректеріне жол тауып, өлең-жырларымен талайлардың санасында жатталып мәңгіге қалып қойды.

Ең бірінші бақытым – Халқым менің,
Соған берем ойымның алтын кенін.
Ол бар болса, мен бармын, қор болмаймын,
Қымбатырақ алтыннан наркым менің.
Ал екінші бақытым – Тілім менің,
Тас жүректі тіліммен тілімдедім.
Кей – кейде дүниеден түңілсем де,
Қасиетті тілімнен түңілмедім.
Бақытым бар үшінші – Отан деген,
Құдай деген кім десе, Отан дер ем!
... Оты сөнген жалғанда жан барсың ба?
Ойланбай – ақ кел дағы от ал менен.

– деп оның өзінің ұлтын, туған тілін, Отанын ерекше құрметтейтіні, халқымен қуана да, қайғыра да білгені, өз халқын жан тәнімен шексіз сүйгендігі айтпаса да түсінікті. Кіндік қаны тамған туған жері, ғажайып өлкесі туралы толғанысы ерекше екендігі, оған деген ақын махаббатын сөзбен жеткізу мүмкін емес еді.

«Мұқағали жоғалса кайтер дейсің,
Артымда қалсын жерім, қалсын елім» -деген жолдардан өзінен туған жерін жоғары қоятынын байқаймыз. Өз халқына мұңын емес жырын, қуанышы мен шаттығын арнаған ақиық ақынның жүрекке жақын өлеңдерінен әрқашанда от аламын. Сонымен қатар, «Туған жерге», «Отан», «Елім барда», «Үш бақытым», «Оңай сөз ғой «Отанды сүйем» деген» т.б өлеңдерін оқыған кезде тұла бойында нағыз патриоттық сезім ұяласа, махаббат тақырыбындағы өлеңі махаббат әлеміне жетелейді.

Маңдайымнан сипаған бір жан болса,
Енді қалған өмірімді қияр едім.
Білмеймін бұзықпын ба, жындымын ба?
Кеп тұрады тілегім мұңды-мұңға.
Енді қалған өмірдің құрдымында
Өлтірсе де көмбеймін жырды құмға! - деп өмірден көптеген қиыншылықтар көрсе де, жанның жарасын өлеңмен емдеп отырғандай.

«Өлең менің бар тынысым, Жақсы сөзім-жаны игі халқым үшін....,
Өлең менің сырласымдай, Сырлассам да құмарым жүр басылмай» деген өмірге шын ғашық ақынның айтары әлі де көп еді.

«Мұқағали поэзиясы - күллі қазақтың болмыс-бітімі. Оның сырлы сезімге толы жырлары көптің көкейінде қалып қоймақ. Ақын мерейтойы Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығымен тұспа-тұс келіп отыр. Бұл - әр қазақтың шаңырағындағы мерейлі той»,- деп еліміздің Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей биыл ақиық ақынымыздың 90 жылдық мерейтойын тойлағалы отырмыз.

«Бүгін менің туған күнім.
Ой, пәлі-ай!
Мына адамдар неге жатыр тойламай?!» –деп өзі жырлағандай тірі кезінде бағасын білмеген ақиық ақынымыздың жылда дәстүрлі түрде туылған күніне орай өлеңдерін оқып, ән айтып, тойлап келеміз.

«Мынау - шапан,
Мынау - атың, мін»,- дей алмағанымызбен
...Күпі киген қазақтың қара өлеңін,
Шекпен жауып, өзіне қайтарамын...-деп жырлағандай мәңгі өлмес өлеңдерін санада жаңғыртудамыз.

Ол өлген жоқ, себебі ақ қағазға қара сиямен жазып кеткен хаты арқылы мәңгі жасайды.

«Біздерді де жоқтайтын жан болса егер,
Шаң басқан архивтерден табыламыз, - деген ақиық ақынның өлеңдерін де әндерін де халқымыздың үлкені болсын, жасы болсын сүйіп оқиды,тыңдайды.Ол өзі айтқандай шаң басқан архивтерден табылған жоқ қазақпын деген әрбір азаматтың жүрегінен табылды.

Қарасаз, қара шалғын өлеңде өстім,
Жыр жазсам, оған жұртым, елеңдестің.
Өлсе өлер Мұқағали Мақатаев,
Өлтіре алмас, алайда өлеңді ешкім,- қара өлеңнің құдіретін аспанға бір-ақ көтеріп, жарқырап жанған Мұқағали есімі қашанда биіктен көрініп, мәңгілік жасай бермек!

# "БЕСТЕРЕК" жобасы - нәтижелі тәрбиенің алдын-алудағы нақты бағыт



*ОРАЗБАЕВА Алма Маметханқызы,*
*№9 "Көлтоған" жалпы орта білім беретін мектебінің педагог-психологы.*
*Түркістан облысы, Келес ауданы*

Қай заманда, қай қоғамда болмасын, адамзат алдында тұратын ұлы міндеттерінің бірі тәлім-тәрбиенің негізгі мақсаты - қайсар рухты, жаны жайсаң, дені сау, ұлттық сана сезімі мен рухани ойлау деңгейі жоғары, мәдениетті, парасат-пайымы мол, еңбексүйгіш, өз ісіне мығым, игі қасиеттерді өз бойына сіңіре білген қайырымды, ар-ожданды ізгі ұрпақ тәрбиелеу.

Ізгілікті көксеген тәрбие болашақ ұрпақты ізгілік бесігіне бөлейтін руханият дәуіріне жасалған жаңа кемел қадам болып табылады.

Адамдардың мінез-құлқы, іс-әрекеті, қарым-қатынасы, көзқарасы оның алған тәлім-тәрбиесімен сипатталатынын ескерсек, әрбір баланың моральдық дамуы үшін қамқорлық жасау – бүгінгі күннің өзекті міндеті, сондай-ақ алдағы күннің талабы.

Сонымен «РЕФРЕЙМ» тұлғалық дамыту орталығының «Бестерек» жобасы бізге не берді.

Әрбір білім беру мекемесінде «Бестік Одақ» болатын, арнайы жоспары бар. Міне, осы Одақтың жұмысын жүйелі нақты атқарудың жоспарын түзіп берді.

«Бестерек» жобасы бойынша білім беру мекемелерінде директордың тәрбие-ісі жөніндегі орынбасарының басқаруыменен сынып жетекші сынып оқушыларының жалпы мәліметін (оқушының өзі және отбасы, әлеуметтік желімен байланысы қаншалықты дәрежеде, ойын-сауық, күндік жұмыс), әлеуметтік-педагог өз мәліметін (әлеуметтік-тұрмыстық жағдайы, оқушының отбасында суицид жағдайы орын алғандығы, қандай статустағы отбасы), мектеп медбикесі өз мәліметін (денсаулығына байланысты есепте тіркелген оқушы), мектеп инспекторы өз мәліметін (тіркелген оқушы және ата-ана бойынша) береді. Ал педагог-психолог осы мәліметтерді жинақтап, зерттеу жұмыстарын жүргізіп, түзету жұмыстарын атқарады.

Мұндағы әрбір мәлімет құнды, жүйелі, нақты екендігі өз-өзінен көрініп тұр. Өйткені тәрбие осындай жағдайлардан бастау алады. Әрбір баламен жұмыс жасау үшін, толыққанды мәлімет керек, анықтау, зерттеу жұмыстары арқылы алдын-ала кеңестер, топтық жұмыстар, пікірталас, түрлі іс-шаралар өткізе отырып баланың жан дүниесіндегі сұраққа жауап болар деген үміт.

Мұнда айтпағым, түзету жұмыстарына, анықтау барысында, «Бестерек» жобасындағы әдіс-тәсілдерінің, техникалары өте жақсы ыңғайлы. Баланың іс-қимылын қарап-ақ, оның қандай отбасында өскенін көру қиын емес.

Өз тәжірибемде, жұмыс барысында түсінгенім мектеп қабырғасына келгеннен бастауыш сыныпта бала сыналады, ысылады. Былайша айтқанда, қарым-қатынас дәуірі басталады.

Өйткені, 1-сыныпта қыз бала, ұл бала бөлінбестен бірге ойнайды (қолындағы барын бөліседі).

2-сыныпта, қыздар бөлек, ұлдар бөлек топқа бөлінеді.

3-сыныпта үздіктер, үлгермеушілер, тұйық, ашық, осылай топтарға бөліне бастайды.

4-сыныпта сыныптағы лидер оқушыларды мұғалімдер де, оқушылар да басты назарда ұстайды.

Міне, осы тұста ата-ананың мектеппен тығыз байланысы, мұғалімнің қарым-қатынас барысында тепе-теңдікті сақтау керектігін қадап айтқым келеді.

Осы арада ата-ана мен мұғалімнің қарқынды жұмысы, орасан зор роль атқарады. Баланың мінезі бастауыштан бастап қалыптасады. Бастауыш сыныпта қалыптасқан (өзін-өзі бағалауы төмен немесе жоғары, бағынышты, көнбіс, қорқақ, тұйық, ұяң т.с.с) мінез-құлық, жасөспірім шақта, яғни өтпелі кезеңде өз нәтижесін береді және осы кезеңде өршиді.

Жасөспірімнің физиологиялық жетілу кезеңі (организнің дамуы, қол, аяқтың ұлғаюы, жыныстық жетілу) пубертаттық кезең басталады.

Осы кезеңде жасөспірімде өзгеріс, қарқынды дамиды. Себебі организмдегі даму, жүйке жүйесіне салмақ түсіреді. Соның салдарынан (өкпелегіштік, агрессивтілік, өзін жоғары санау, үлкендердің іс-қимылына еліктеу, қарсы сөйлеу, айтқанды істемеу, айғайлау, т.с.с....) түрлі сипаттағы жағдайлар орын алып жатады.

Негізі, отбасындағы психологиялық ахуалдың үлесі орасан зор. Отбасында педагогика-психологиялық білім әлі де төмен екені белгілі. Жасөспірімдер арасында, зорлық-зомбылық, құқық бұзушылық, ерте жүктілік, діни экстремизм, зиянды әдеттер, әлеуметтік желі, аутодеструктивті жағдайлардың алдын-алу жұмыстарын жүргізу қашықтықтан оқытуда, яғни онлайн платформасында айтарлықтай қиындық тудырып отыр.

Қорыта келе, «Бала нені білсе жастан, ұядан, өле өлгенше соны таныр қиядан», -дегендей отбасындағы тәрбие балаға өмірлік азық екенін естен шығармайық. Балалардың саналы тәрбие, білім алуына өз көмектеріңізді аямай, бала болашағы туралы ойланайық.

# «АСЫҚАТА» МЕКТЕБІ – МАҚТАНЫМЫЗ,

Әр өлкенің өзіндік ерекше тарихы болады. Ел тарихы жас ұрпақтың мақтанышына, рухани тірегіне айналуы тиіс. Оқушылар өз Отаны үшін мақтанып, туған жерін құрметтеп өскенде ғана жақсы азамат болып қалыптасады. Асықата – тарихи атау. Сырдың орта ағысының жағалауын мекен еткен халық пір тұтқан қасиетті орындардың бірі Асықата кесенесі болған. 1917 жылға дейін Мырзашөл өңірінде Асықата мешіті де жұмыс істеген. Асықата кесенесі мен мешіті Түркістан генерал-губернаторлығына қарасты Самарқан облысының Қожент уезіндегі Іржар болысының Ақтөбе әкімшілік ауылының аумағында орналасқан. Тарихи Асықата кесенесі XX ғасырдың 60-70-ші жылдары Шардара су қоймасы салынған кезде судың астында қалыпты. Бұрынғы Асықата мешітінің ғимараты да соның күйін кешкен. Егер тарихшылар тереңінен зерттейтін болса, Асықата – ежелгі тарихи қаланың орны болуы да мүмкін.

Кеңес өкіметі орнап, Мырзашөл қазақтары ұжымдық шаруашылықтар құру науқанына тартыла бастағанда Асықата ауылының тұрғындары да сыр бойындағы бұрынғы қыстауларын тастап кеткен.

Біздің мектебіміз 1999 жылдан бері осы киелі Асықата атауын алды. Мектептің алғашқы атауы Победа сегіз жылдық мектеп болған. Мектеп 1965 жылы 1 қыркүйекте іске қосылған. Содан 1970 жылдан бастап Абай орта мектебі болып өзгертілді. Ол, Өркенді елді мекенінде орналасқан. Мектептің алғашқы директоры Шәкен Байтоғаев болған.

Мектепте қазіргі таңда 121 мұғалім жұмыс атқарады, 906 оқушы бар. Мектепте 27 жоғары сынып комплекті, 21 бастауыш сынып комплекті, барлығы 48 сынып комплекті, 3 мектеп алды дайындық тобы бар. ҚР-ның білім беру ісінің үздік белгісі бар 2 мұғалім жұмыс істейді. Мектебіміздің ағылшын тілі пән мұғалімі Болсынаева Райханды Білім және Ғылым министірі Асхат Аймағанбетовтың 8-наурыз мерекесімен құтықтады. Бұл мектебіміз үшін үлкен мәртебе деп білеміз. 10 сынып оқушысы Амирова Ақбота, сынып жетекшісі Қожабекова Гулжахан, 10 сынып оқушысы Абдулла Жанар, сынып жетекшісі Алдабергенова Перизат "Елбасы медалі" жобасының жеңімпазы болып, бәрімізді үлкен қуанышқа бөледі. «Көшбасшы мұғалім», «Педагог-шебер», «Критериалды бағалау», «Жаңартылған білім», «Менеджмент», «Қазақстан тарихы» тағы басқа курстарда білімін жетілдірген білікті маман, мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Искакова Алия Серикбаевнаның жас ұрпаққа сапалы білім беру ісін ұйымдастырудағы еңбегін ерекше атап өткім келеді..

Мектептің педагогикалық ұжымы тиімді әдіс қолдана отырып, дарынды, білімді салауатты шәкірттер дайындауда. Мектептегі жұмыстың нәтижесі негізінен пән әдіс бірлестігі жұмысының жүйелі және дұрыс ұйымдастырылуына байланысты екені белгілі. Пән әдіс бірлестігінде ұстаздар өз шеберліктерін шыңдап, білімнің биік шыңдарын бағындыруға ұмтылады. Мектебімізде бастауыш сынып және 11 пән әдіс бірлестігі жұмыс атқарып келеді.

Мектептегі бастауыш оқыту үрдісінің негізгі мақсаты - баланың білім игеру кезіндегі ойлау қабілетін қалыптастыру, сол арқылы таным әрекетін арттырып, шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Бастауыш саты білім, дағды, іскерліктің, шығармашылық қабілеттерінің қалыптасуының бастамасы болып табылады. Өскелең ұрпаққа білім негізін қалап жүрген бастауыш әдіс бірлестігі «Ұлттық педагогика негізінде оқушылардың ой-өрісін дамыта отырып, білім сапасын арттыру және шығармашылыққа тәрбиелеу» тақырыбында, оқытудың жаңа технологиялары негізінде мұғалімдердің танымдық белсенділігін арттыру, кәсіби дамуына ықпал етіп, оқушыларға сапалы білім беруді жүзеге асыру, ұлттық тәрбие негізінде сапалы білім бере отырып, оқушының жеке тұлғасын, қабілеті мен ынтасын дамыту мақсатында жұмыс жүргізуде.

Бастауыш сыныптардың пән апталықтары өз уақытында өткізілді. Оқушылардың оқу және жазу дағдыларын қалыптастыру, әріп элементтерін дұрыс жазуын, әдеби сауаттылығын, көркемдік эстетикалық талғамын арттыру мақсатында тоқсан сайын сыныптардың қазақ тілі, математика дәптерлері тексеріліп, дәптерге талапқа сай жазған сыныптар анықталып, бақылау жасалуда. Атап айтқанда Ералиева Қатира, Амирханова Гүлнар, Қарсыбаева Қалдығыз, Дүйсенова Хатира, Адильбаева Алмагул, Джумабаева Бакытгул, Үсенова Фатималардың оқушыларының жазу каллиграфиясы үнемі талапқа сай болады. Жалпы орта білім беру ұйымдары педагог қызметкерлерінің педагогикалық шеберлігін дамыту, кәсіби біліктілігін арттыру мақсатында Түркістан облысы адами әлеуетті дамыту басқармасының ұйымдастыруымен өткізілген «Ең білімді- педагог» пән олимпиадасына Болатбаева Бибігул, Абдахметова Жибек, Үсенова Фатима, Кошкарова Гулнар, Нурасарова Жайнар қатысып, 2-3 орынды иеленді. Қазақ тілі мен әдебиеті пән әдіс бірлестігінде 10 мұғалім жұмыс атқарып келеді. 2020-2021 оқу жылында пән мұғалімдері біліктілік арттыру сынама тестіне қатысып жақсы нәтижеге жетті. Мұғалімдер олимпиадасына қатысқан Жолдасбекова Ақерке аудандық кезеңде жүлделі 2-орынға ие болды. Орыс тілі мен әдебиеті пәні әдіс бірлестігінде 8 мұғалім еңбек етіп келеді. Бірлестік ұстаздарының ұйымдастыруымен «Язык –опора дружбы и согласия» атты тілдер апталығы өтті. Пән мұғалімдері ашық сабақтар мен сыныптан тыс іс-шараларды биік деңгейінде өткізді. 2021 жылдың ақпан айында Мейрханова Айгул облыстық «Мир поэзии» сайысына қатысып, 2 дәрежелі дипломмен марапатталды. Пән олимпиадасының аудандық кезеңінде 10-сынып оқушысы Жумабек Айда II орынды, Жумабек Аружан мен Шукірбай Балнур III орындарға









# ШӘКІРТТЕР – ШАТТЫҒЫМЫЗ, АҚ ТАҢЫМЫЗ

иеленді. Облыстық пән олимпиадасына Лесбекова Гулжан қатысып, жүлделі 2-орынға ие болды. Математика пән әдіс бірлестігінде 8 мұғалім жұмыс жасап келеді. 2021 жылы 10 сынып оқушысы Камалбай Әсел аудандық олимпиададан 1 орын иеленіп, облыстық деңгейге жолдама алды. Камалбай Әсел облыстық олимпиадада мадақтамамен марапатталды. Аудандық «Педагогикалық идея» байқауына Дүйсебаева Ғалия қатысып, жүлделі 2-орынды иеленді. Аудандық «Үздік басылым» байқауына Мейрханова Камшат қатысып, жүлделі 3-орынды иеленді. Шәкірттері Облыстық «Алтын ұрпақ» зияткерлік олимпиадасына оқушылары қатысып, жүлделі дипломмен марапатталды. Шәкірті Батырханұлы Бауыржан облыстық «Алтын қыран» зияткерлік олимпиадасына қатысып, жүлделі III-дәрежелі дипломға ие болды. «Байтерек» олимпиадасына оқушылары қатысып, жүлделі I, II, III-орындарды иеленді. Тарих пәні әдіс бірлестігінде 10 мұғалім жұмыс істейді. Сырттай республикалық байқауда «Үздік тарихшы» сайысынан Шохан Гулжанар «Гран при» жеңіп алды, ал Аралбаева Рахила II-орын алып, Алғыс хатпен марапатталды. «Золотое руно» байқауына қатысып, 7 сынып оқушысы Елемесова Аяжан II дәрежелі дипломмен марапатталды, 6 сынып оқушысы Нұрлан Айзере II дәрежелі дипломмен марапатталды. Химия, биология пән әдіс бірлестігінде 7-мұғалім жұмыс істейді. Бірлестіктің аға ұстазы педагог-шебер Исалиева Ұрхия «Ең білімді педагог» III облыстық пән олимпиадасының I орын иегері атанды. Шәкірті Ержанқызы Рыскүл биология пәні бойынша Республикалық қашықтық олимпиадада I-дәрежелі дипломмен марапатталды. Педагог-шебер Сапарбаева Шолпан аудандық пән мұғалімдер олимпиадасында II орынды иеленді. Ағылшын тілі пән әдіс бірлестігінде 10 мұғалім сабақ береді. Аталған бірлестік Тіл мерекесіне орай іс-шаралар өткізді. Аудандық пән олимпадасында 9 сынып оқушысы Дәулетпай Айзере III орын иегері атанды. FIEX халықаралық олимпиадаға қатысып, 10 сынып оқушысы Бегалы Ердос екі кезеңнен өтіп, жеңімпаз атанды. Республикалық педагогикалық идеялар фестиваліне қатысып, педагог-зерттеуші Аманов Ғалым жүлделі орын иегері атанды. Облыста өткен сайыста жүлделі I орын алды республикаға жолдама алды. Аудандық мұғалімдер пән олимпиадасында педагог-зерттеуші Дүйсебаева Бақтыгуль жүлделі 1 орынды иеленді. Облыстық олимпиадаға жолдама алып, 1 орынды иеленді. Педагог-зерттеуші Ибрагимова Сапаркул «Поэзия әлеміне» қатысып, аудандық жүлделі орынды иеленіп облыс көлеміне жолдама алып, 2-орынды иеленді. Физика, информатика пән әдіс бірлестігінде 7 мұғалім жұмыс жасап келеді. Осы бірлестіктегі Физика пәнінің мұғалімі Турабаева Сапаркул II Республикалық «Үздік педагог» олимпиадасынан III-дәрежелі дипломмен марапатталды. Әдіс бірлестігінің жетекшісі Мендібаева Баянның 9 сынып оқушысы Елемесов Нұржан, 8 сынып оқушысы Әділбай Динара III дәрежелі дипломмен, 7 сынып оқушысы Нұржан Айзере аудандық пән олимпиадасының III дәрежелі дипломымен марапатталды. Бірлестіктегі бірқатар жас ұстаздар да оқушы білімі мен біліктілігін арттыру мақсатында жүйелі еңбек етіп келеді. География пәні әдіс бірлестігінде 5 мұғалім жұмыс істейді. Қашықтықтан оқушылар арасында өткен олимпадаға 10 сынып оқушылары Оразалы А, Әбдіжаппар М қатысып, жоғары бал жинап, жүлделі орын мен дипломмен марапатталды. Мұғалімдерге арналған қашықтықтан өткен олимпиадада жоғары нәтижеге ие болғаны үшін Жақыпбаева Шара, Қожабекова Камила дипломмен марапатталды. Дене шынықтыру және Алғашқы әскери дайындық бірлестігінде 8 мұғалім бар. Бірлестік ұстаздарының командасы аудандық жарыста тоғыз құмалақтан II орын, кіші фудболдан III орынды жеңіп алды. Бірлестікте қол күрес үйірмесі жақсы ұйымдастырылған. Атап айтсақ аудан бойынша жасөспірімдер арасында қол күрестен өткізілген жарыста 53 кг салмақта оң қол да Өтеген Ғалымжан I орын жеңіп алды. 40 кг салмақта Асханбай Сұлтан жеңіп алды. Көркем еңбек және музыка пән әдіс бірлестігінде 8 мұғалім жұмыс атқарып келеді. Ұстаздарымыз оқушы бойына терең білім мен ұлттық құндылықтарды қастерлеу бағытында аянбай еңбек етіп келді. Республикалық облыстық және аудандық басылымдарға сабақтары, мақалалары жарық көрді. Бекболактова Майра мектепшілік «Эссе» байқауынан жүлделі орынға ие болды.Өзін-өзі тану пән әдіс бірлестігінде 4 мұғалім бар. Бірлестіктегі мұғалімдердің мақсаты әрбір оқушының бойындағы жалпы адамзаттық құндылықтарды жарыққа шығару. «Елі сүйген, елін сүйген Елбасы» эссе жазу байқауына Айдархан Зауытбек қатысып, Алғыс хатпен марапатталды, жетекшісі Бектұрсынова Айда. Ұстаз бақыты – шәкіртінің жеңісі. Оқушылар олимиадасының жеңімпаздары - біздің мақтанышымыз. Оларды тәрбиелеу - абыройлы міндет. Сол абыройлы міндетті үлкен жауапкершілікпен атқару жолында ұстаздар қауымына қойылатын талаптар да жоғары болмақ. Сондықтан да балаларды білім нәрімен сусындатып, биік армандарға жетелейтін ұстаздарымыз жан – жақты білімі мен шығармашылық ізденісі, кәсіби біліктілігін көрсетіп, әрдайым жеңіс биігінен көріне береді, жарқын болашаққа сенеді. «Асықата» мектебі – мақтанымыз. Шәкірттер – шаттығымыз, ақ таңымыз. Біздің білікті ұстаздарымыз шәкірттерге сапалы білім, жақсы тәрбие береді деп сендіргім келеді.

***БЕКТУРСЫНОВ Ержан Ерханович,***
***№39 «Асықата» жалпы орта мектебінің директоры.***
***Түркістан облысы, Жетісай ауданы***










# ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ және оның тәрбиелік мәні

*МАКСУТОВ Талгат Конирович,*
*№11 колледж директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары.*
*Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы*

Бүгінгі таңда XXI ғасыр табалдырығын еркін аттаған жас ұрпаққа тәлім-тәрбие және білім беруді жетілдірудің басым бағыттарын айқындау педагогика ғылымы мен озат тәжірибенің өзекті мәселелерінің бірі болып отырғаны анық.

Әрбір жеке тұлғаның бойында елжандылық сезімді қалыптастыру – білім саласының басым бағыттарының бірі. Әрбір ұлт өз елінің тарихын, мәдениетін сыйламайынша, өз ұлтының тарихы мен рухани мұрасын қалыптастырып, өркендетпейінше азаматтық және рухани тәрбие жүргізу мүмкін емес.

Қай заманда болмасын, сол қоғамға сай азаматты тәрбиелеудің бірден-бір жолы адамның рухани байлығын, ұлттық санасын арттыру болмақ.

Ғұлама ғалымдар бала тәрбиесінде бірінші кезекте олардың Отанға сүйіспеншілігін, қызығушылығын ояту мәселесі тұрғысында маңызы мен мәні жайында ой-тұжырымдар айтқан.

Мысалы, Әл-Фарабидің жетілген тұлғаны тәрбиелеу үшін «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие беру керек, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне қауіп әкеледі» - деген сөзі нағыз педагогтарға қалдырған өсиет – деп, түсіну керек.

Қазақ халқы бала тәрбиесін «Баланды өз тәрбиеңмен тәрбиелеме, өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле» деген қанатты сөзге сыйдырған.

Ұлттық тәрбие – қазіргі уақытта Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы аясында білім беру ұйымдарында негізгі тәрбие бағыттарының бірі болып келеді.

Аталған бағыттар идеясы сабақ барысында, қосымша білім беру кезінде, сабақтан тыс іс-шаралар мен тәрбие сағаттарында, білім ошақтарында қолданылып келеді. Сонымен қатар облыстық әдістемелік орталықтың ұйымдастыруымен ұлттық спорт түрлерінен жарыстар мен спартакиадалар өтіп жатады. Мысалы асық ату, ләңгі тебу, бес тас және т.б ойындары балаларға ұлттық тәрбие беруде зор мәңге ие.

Ұлттық тәрбиенің міндеті – мәдени-әлеуметтік өзгермелі жағдайдағы ұлттық тәрбиенің діңгегі ана тілі болып қалатынын негіздеу, қазақтың тілі мен тарихын, мәдениеті мен ділін, салт-дәстүрі мен дінін құрметтеуде жастардың ұлттық интеллектуалдық мінез-құлқын қалыптастыру, жас ұрпақты бүгінгі қазақ елінің индустриалық-инновациялық жүйесінің дамуын қамтамасыз ететін парасатты, ұлттық сипаттағы белсенді іс-әрекетке тәрбиелеу, олардың білім және мәдени-рухани тұрғыда басқа өркениеттермен бәсекеге қабілетті болуын қамтамасыз ету, қоғам мен адам, адам мен табиғат қарым-қатынасының өркениеттілік сана-сезімін ұлттық рухта қалыптастыру. Тәрбиенің басты нысаны елдік сананы қалыптастырып, ұлттық рух пен ұлттық патриотизмді негіздеу, ұлтсыздықпен күресу болса керек.

Халық педагогикасының мәйегіне айналған бесік жырында халықтың төл тарихының, дәстүрлі мәдениетінің, ежелгі наным-сенімінің, дүниетанымының көрнісі барын, бесік жырын дана халқымыз ұлттық тәрбиенің кәусар бұлағы деп танитынын оқушы санасына берік орнатуға тиіспіз.

Қазақ халқының ұлттық тәлім тәрбиесі мен мәдениеті талай халықтардың өкілдерін таңқалдырғаны тарихи жазбалардан белгілі. Ұлы саяхатшылар мен зерттеушілер қазақтың ежелгі тұрмыс тіршілігі, мәдениеті мен ауыз әдебиеті туралы, ер адамдар мен әйелдердің моральдік этикалық ерекшеліктері туралы, олардың тұрмыстағы, кәсіптегі, отбасындағы, әулеттегі, рудағы әлеуметтік орны туралы, ұлттық наным, сенім, әдет-ғұрпы, мінезі, көшпенді өмір сүргеніне қарамастан салты мен дәстүрінің біртұтастығы, біртұтас тілде сөйлеуі, қолөнері мен бейнелеу өнерінің, ауыз әдебиеті және музыка өнерінің, жалпы дала мәдениетінің таңқаларлық үлгілері туралы таңдай қаға айтып, баяндайды. Ендеше, осындай ұлылықты, халқымыздың бай дәстүрлерін еліміздің болашағы жас ұрпағымызға үйрету ұстаз қауымының бірінші міндеті деп білемін.

Болашағы зор жас ұрпақтың көзқарасын, сана-сезімін қазақ халқының рухани тіршілігінде, қарттарды құрметтеу, үлкендерді сыйлау, балаларға жанашырлық, жастарға қамқорлық ету, ата-ананы ардақтау, әйелдерді аялау ізгі дәстүрге айналғанын білдіре отырып қалыптастыру керек.

# ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚУ КЕЗІНДЕГІ БІЛІМ АЛУ ҮРДІСІ



***ОРАЗБЕКОВА Қарлығаш Орынбековна,***
***А.Үсенов атындағы жалпы орта мектебінің оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.***
***Түркістан облысы, Кентау қаласы***

Әлем жұртшылығының қарапайым өміріне айтарлықтай өзгеріс алып келген «тәж тажал» еліміздің қай саласын болсын айналып өтпеді. Жұмыр басты пенденің басына төнген мұндай қауіп-қатердің жағымсыз жағының болуымен қатар кей тұстарда пайдасының да өткен тарих беттері дәлелдейді. Адам жанының сақшыларына айналған ақ халатты абзал жандар адам өмірін арашалау жолында өз антына берік екендіктерін дәлелдей түсті. Сол секілді білім майда-нында жүрген ұстаздар қауымына да бұл жағдай аса оңай тие қойған жоқ.

Елімізде төтенше жағдай жарияланғаннан бастап, мемлекеттік білім беру орындары қашықтықтан оқыту форматына көшті. ҚР Білім және ғылым министрлігі қашықтықтан оқытудың бірнеше форматын ұсынды. Олар: телесабақ арқылы, интернет-платформаларды пайдалану және пошта арқылы немесе қолма-қол қағаз тасымалдаушылармен жіберу. Оқытудың бұл формалары сыни пікірлерді тудырса да, бұл аурудың алдын алу мақсатында жасалып жатқан шаралар екенін және оқытудың тоқтатылмауы тиіс екенін Білім және ғылым министрі А.Айтмағамбетов атап көрсеткен еді. Негізінен, қашықтықтан оқыту – білім берудің ақпараттық және телекоммуникациялық техноло-гиялардың көмегімен жүзеге асырылатын арнайы түрі. Қашықтықтан білім беру технологиялары қашықтықтан оқу сабақтарын «online», «offline» режимінде өткізуге негізделген. «Online» режимінде оқу сабақтары нақты уақыт режимінде оқудың өзара іс-әрекет ету үдерісін қарастырады (бейнеконференция, интернет желісімен хабар алмасу, телефон аппараты арқылы). Озық технологиялы елдерде оқытудың бұл форматы кең көлемде пайдаланылу үстінде. Коммуникациялық технологияның – 1920 жылы радионың және 1940 жылы теледидардың дамуына сәйкес – оқытудың осы формасы кең көлемде пайдаланыла бастады. Ал сұраныс жаһандану процесінің басталуына байланысты XXғ. 60-жылдарында пайда болды. Сонымен қатар 80-жылдары интернет желісінің пайда болуынан кейін көбейе түсті.

Қашықтықтан оқыту мұғалімнің біліктілігін көтереді, баланың өз бетімен білім алуын қалыптас-тырады, ата-аналардың жаңа технологияға деген көзқарасын өзгертеді. Жаңа заман баласын қалыптас-тырып, дамыту үшін тұлғаның ішкі дүниесі мен оның қыр-сырын анықтап, мүмкіншіліктері мен қабілетінің дамуына жағдай жасау қажет.

Білім және ғылым министрі Асхат Айтмағамбетов: «Қашықтықтан оқытуға келетін болсақ, біз оны онлайн-оқытумен шатастырмауымыз керек. Қашықтық форматының ұғымы әлдеқайда ауқымды және бірден бірнеше әдістерді пайдалануға мүмкіндік береді. Мұндай формат сабақты геймификациялауға (ойын түрінде өткізуге), өзін-өзі ширау деңгейін арттыруға, ең бастысы, оқытуды дербестендіруге мүмкіндік береді. Бұл – біз қол жеткізуге ұмтылып отырған қажетті әрі тиімді оқыту жүйесі» деп өзінің Facebook әлеуметтік желісінде атап көрсеткен болатын. Яғни, бұл кезеңде мұғалімнің ең басты атқарар міндеті - өзінің кәсіби шеберлігін жаңа технология көмегімен ұштастыра отырып кез болған тығырықтан шыға білуі.




Қазіргідей ақпараттық технологияның қарыштап дамыған заманында оқытудың бұл форматы жас жеткіншектерді бәсекеге қабілетті болу жолында шыңдай түспек. Осы заманғы балалар компьютер мен смартфон құралдарын пайдалануды еркін меңгерген. Бұл да болса «Заманына қарай адамы» деген нақыл сөздің дәлелі болса керек. К.Ушински «Мұғалім – өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, ал оқуды, ізденуді тоқтатқанмен оның мұғалімдігі де жойылады» деген болатын. Ұстаз үшін басты мақсат – шәкіртіне сапалы білім беріп, өмірден өз орнын тапқан, тұлға болып қалыптасқан жан-жақты дамыған азаматты көру. Қорытындылай келе, оқытудың бұл форматы жаңа білім беру жүйесіне басқан нық қадам мен заман талабына сай білікті, білімді жастарды тәрбиелеуге берілген мүмкіндік.



# Қазақ әдебиеті сабағында көркем шығарманы оқыту жолдары

*МАЙМАКОВА Жанат Меирбекқызы,*
*№2 Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.*
*Түркістан облысы, Төлеби ауданы*

Білім беру саласында әдебиет пәнін оқытуға көбірек көңіл бөлінеді. Себебі қазақ әдебиеті сабағында оқушылар білім алады, көркем шығармаларды оқу арқылы тәрбиеленеді, болашаққа бағыт-бағдар беріледі. Әдебиет сабағы арқылы адамның жан-дүниесі байып, қиялы дамиды. Оқушы бойына осы жағдайларды қалыптастыру үшін мұғалім оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін қолданып, оқушыларды көпшілік ортада өз ойын айтуға үйретсе, көздеген мақсатына жетері анық. Оқушы көпшілік алдында сөйлеуге жаттығу үшін көркем шығарманы оқуы маңызды рөл атқарады.

Қазіргі мектеп оқушыларының оқу, ойлау қабілеттерінде бұрынғы уақытпен салыстырғанда біраз өзгешеліктер бар. Олар көркем әдеби кітаптар оқығаннан гөрі ғаламтор желісінде көбірек отырып, теледидарды көп көреді. Мұның зиянды жағы - тіл байлығы кеміп, тапқыр сөз, ұтымды жауап, шешендік өнерге шорқақтау болса, пайдалысы – көргендері есінде тез жатталып, ұзақ сақталады. Оқушының көркем шығарманы оқуға құштарлығын ашуда мұғалім осы екі жақты да сарапқа салуы керек. Балаларды көркем шығарманы оқуға баулу үшін бірінші көркем шығарманың ақиқат өмірдің айнасы екенін түсіндіруіміз керек. Бала қызығатын шығарманы үнемі өмірмен салыстыра білу аса маңызды.

Көркем шығарманы оқыту мектепте төменгі сыныптан жоғары сыныпқа қарай күрделеніп отырады. Орта және жоғары сыныпта көркем шығарманы оқытудың өзіндік ерекшеліктері бар. Орта буында оқушылардың сөздік қорының дамуына, сөйлеу тілінің жетілуіне назар аударылса, жоғарғы сыныптарда жұрт алдында сөйлеуге, сөз құдіреті арқылы ойдың әсерлі де айқын жеткізілуіне, шығармалардың жанрлық ерекшеліктерін тануына көңіл бөлінеді. «Кітап – уақыт пен кеңістіктің тынысына толы адамзат ойының жемісі, қоғамның мәдени күштерін дамытудың қуатты құралы, қайнар бұлағы» десек, адамзат осы құрал арқылы дамиды. Ал кітапты оқу бір басқа, оны талдай білу, басқаға дұрыс жеткізе алу - бір басқа. Осы орайда мұғалім оқушыға кітап оқудың маңыздылығын егжей-тегжейлі түсіндіргені абзал. Көркем шығарманы оқушы ынтасымен қабылдауы үшін мұғалім алдымен мазмұнын келістіріп ұғындыруы қажет. Ол, әрине мұғалімнің шеберлігіне байланысты. Сонымен бірге мұғалім тек әңгімелеуші ғана болмай, оқушымен бірігіп, көркем шығарманы талдауда өз ойын қоса айтып, баланың шығарманы меңгеруіне ықпал жасауы тиіс.

Екіншіден, баланың жас ерекшелігіне сай қызықты үзіндіні таңдап алып, «Хикая картасын» жасатқаны да оқушы үшін қызықты болары даусыз. Себебі мұнда оқушы оқиғаны сөзбен суреттесе, қосымша оқиға суретін қағазға салады. Бұл әдіс арқылы біз оқушыны жан-жақты аша аламыз, әрі шығарманы оқуға қызықтырамыз.

Баланың шығарма оқуға деген талпынысын арттыратын тағы бір тәсіл – шығармадағы кейіпкерлерге талдау жасап, кейіпкердің іс-әрекеттерін, шығармадағы негізгі ойды, сюжетті оқиғаларды бүгінгі өмірмен байланыстыра әңгімелеуіміз.

Ал сурет бойынша әңгімені өрбіту – оқушының шығармашылығын арттыра түседі. Бұл тапсырманы орындауға қойылатын шарт – оқушының айтайын деген пікірін дәл, нақты жеткізуі, сөйлемді дұрыс құрастыра білуі, сөзінің анық, ойының айқын болуы.

Оқушыларды көркем шығармаға терең бойлату үшін шығармашылық оқу әдісі ұтымды. Оқушы неғұрлым көп білсе, берілген тапсырмалар қызықты болса, соғұрлым оның көркем шығарманы қабылдауға деген қызығушылығы арта түседі. Шығарманы оқи отырып, дұрыс, логикалық ойлай алады, оны сөзбен көркемдеп жеткізеді. Бұл ретте оқушылардың жалпы дамуы да жүзеге асырылады.

Көркем шығарманы оқуға икемдеудің тағы бір түрі – кенеттен жағдаят таңдап, оқушыны соған кіргізе отырып, шығармадағы оқиғаны жан-тәнімен сезіндіру. «Қане, енді шығармада осы жағдаяттан кейіпкеріміз қалай шықты екен?»-деп, жұмысты әрі қарай жалғастыруға болады. Оқушыларға ішкі сезімін терең көрсете алатын кейіпкерлер ұнайды, мен мұны оқушылардың ойтолғау жазуы кезінде байқадым.

Қазір мектебімізге жаңа әдеби кітаптар келді. Ол кітаптардың ерекшелігі  сөйлейтін қаламының болуында. Яғни оқушының кітап оқуға деген қызығушылығын арттыруда осы сөйлейтін қаламның рөлі де ерекше болады. Оқушы керекті  көркем шығармасын тыңдау үшін қаламды шығарманың үстіне жүргізе қойса болғаны, қалам керекті шығармаңызды оқып береді. Мұның өзі оқушының кітапқа деген қызығушылығын арттырады.

Мұнда мен көтерген басты мақсат – шығармаға оқушыны қызықтыру үшін, көркем шығарманы жалаң мазмұндап, оқушыны ығыр етуден сақтандыру. Оқытудың түрлі әдіс-тәсілдерін қолдана отырып, оқушының таным аясын кеңейту үшін жұмыс жүргізуде мұғалім шығармашылықпен дайындалу керек.

Сонда ғана біз көркем шығарманың ішіне түпкілікті еніп, оның шырынын балаларға жеткізе аламыз.

Қандай ортада болсын, өзінің айтар ойы бар, өмірге деген өзіндік көзқарасы қалыптасқан оқушыны дайындау – мұғалімге міндет. Сол міндетімізді орындауда талмай еңбек етейік.

# ШКОЛЬНОЕ САМОУПРАВЛЕНИЕ – ОПЫТ ФОРМИРОВАНИЯ АКТИВНОЙ ГРАЖДАНСКОЙ ПОЗИЦИИ



***РУСТАНБЕКОВА Гулистан Райдиновна,***
***№94 мектеп-гимназиясы директордың***
***тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.***
***Алматы қаласы***

…Мы во многом похожи на своих сверстников. Большинство из нас занимается в спортивных секциях, в школе искусств, в кружках центра творчества юных. Стараемся хорошо учиться, и это у нас получается. Но нас объединяет не только это. Все мы – члены школьного совета старшеклассников школы-гимназии № 94. Цель которого – активно и творчески улучшать окружающий мир.

Так как наша школа является базовой школой по профилактике правонарушений в Бостандыкском районе, мы решили тоже принять участие в этой работе всем Советом.

Участие в данной работе позволило нам: расширить свои знания о родном городе, получить представление о проблемах его развития, принять участие в решении этих проблем. В процессе совместной деятельности над проектом наш Совет еще больше сдружился.

Выбор проблемы. Социальная значимость и актуальность проблемы.

Пытаясь определить тему своего проекта, мы провели социалогический опрос с целью определить наиболее актуальные проблемы города, в котором живем. Участниками опроса стали наши бабушки и дедушки, мамы и папы, учителя. Они назвали следующие проблемы:

* отсутствие перспективных предприятия в городе;
* экономический спад;
* демографический кризис (снижение рождаемости и рост смертности населения);
* рост преступности, в том числе детской;
* социальная незащищенность пенсионеров и инвалидов;
* проблемы благоустройства города;
* проблемы, связанные с трудоустройством молодежи и получением ею высшего образования.

Среди названных проблем наиболее часто встречается проблема роста преступности. Это и определило наш выбор. Кроме того, мы решили проанализировать именно эту проблему, так как:

- курс «Граждановедение», который мы изучаем, предполагает знакомство учащихся именно с уголовной отраслью права. Следовательно, мы уже имеем начальные знания, необходимые для изучения проблемы;
- мы и сами считаем эту проблему важной, так как сегодняшние дети – это взрослые завтра. И если их поведение сегодня
- направлено не на укрепление ценностей общества, то и завтра они будут, скорее всего, решать не проблемы общества, а только свои, причем за счет общества;
- эта проблема близка нам, так как именно наш возраст часто связывают с понятием «кризис», «трудный» и другими, аналогичными этим. Такое представление о подростковом возрасте не является беспочвенным и имеет свои серьезные основания. Именно в этом возрасте человек сталкивается с множеством проблем, которые не понимает и не умеет правильно решать, но, считая себя уже взрослым, делает это часто неправильно, нарушая моральные и правовые нормы.

Характеристика правонарушений и преступлений несовершеннолетних.

Характерными видами правонарушений несовершеннолетних являются: мелкое хулиганство, порча государственного имущества, безбилетный проезд в общественном транспорте, нарушение правил дорожного движения, появление в общественных местах в нетрезвом виде. Среди преступлений ведущими являются хулиганство и кражи. По данным прокуратуры города, удельный вес преступлений, совершенных несовершеннолетними, составляет 14% от общего количества преступлений. Уже без всякого анализа видно, что состояние с подростковом преступностью если не подошло к некой критической отметке, то близко к ней. Некоторое снижение показателей преступности несовершеннолетних объясняется профилактическими методами работы. Однако анализ численности населения на 1 января 2003 года в городе Алматы позволяет отметить значительное снижение рождаемости в последние 15 лет. Следовательно, можно предположить, что в расчете на душу населения, преступность несовершеннолетних в городе не снижается.

Следует помнить также о том, что у нас есть возможность анализировать лишь данные зарегистрированных правонарушений и преступлений. Данные опроса свидетельствуют о том, что общий уровень нарушений подростками моральных и правовых норм очень волнует население города. Все это позволяет говорить о сохраняющейся актуальности и социальной значимости проблемы.



# Оқушыларды сыни тұрғыдан ойлау әдісіне үйрету

*СУЛТАНОВА Галия Батырхановна,*
*№60 «Қызылқұм» жалпы орта мектебінің*
*орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.*
*Түркістан облысы, Жетісай ауданы*

Адамның бойына жақсы адамгершілік қасиеттердің сіңісуі, өнер білімді игеруі, тәрбиеге, өскен ортаға, үлгі өнеге берер ұстазға байланысты.

Ұстаз - бала болмысының өзгеруіне себепкер болып, бағыт-бағдар нұсқаушы. Өмірдегі көптеген мамандықтардың ішіндегі ең тазалықты, турашылдықты, білімділікті, икемділікті, шеберлікті ең бастысы мейірімділікті талап ететін мамандық. Ұстаз болу білгеніңді балаға үйретіп қана қою емес, онымен бірге өзің де үйрену. Ұстаз екеніңді кадір тұту, арыңдай таза ұстау, өз кәсібіңді, шәкірттеріңді, мектебіңді шексіз сүю.

«Ұстаз талантты болса, шәкірті талапты болады»,- деп дана халқымыз айтқандай әр баланың болашағы үшін аянбай тер төксең, еңбегің еш кетпейтініне сенімім мол. Ұстаздық жолда «мен бәрін де білемін» деп айтуға болмайды. Ол әрдайым ізденіс пен өзін дамыту үстінде жүру керек. Өмір үнемі алға жылжып отырады, сондықтан заманға сай әркашан ізденіп, білімі мен біліктілігін арттырып отыру қажет деген мақсатым әркезде де жадымда. Осы орайда мен де өзімді жан-жақты дамытып отыруға тырысамын. Қазіргі технологияның дамыған заманында балаларды кез келген нәрсемен таң қалдыру мүмкін емес. Сондықтан ұстаз ешнәрсені назардан тыс қалдырмай әр шәкіртке бағыт беруі тиіс.

Қазіргі таңда 500-ге жуық педагогикалық технологиялар бар. Жаңа технологияларды күнделікті сабақта қолдану үшін әр мұғалім алдында отырған шәкірттерінің жас ерекшеліктерін ескере отырып, сол сабаққа сай әдіс-тәсілдерді, өзінің шеберлігіне орай таңдап алады. Бұл модуль мұғалім пәнді оқытудағы қиындықтарды жеңуіне бірден бір көмегін бере алады. Бұл әдіс арқылы өзіндік ой айта алатын тұлға қалыптастыра алады, тұйық оқушыларды қозғай алады, сыныптың белсенділігін күшейте алады деп дөп басып айта аламын.

Сыни тұрғыда ойлау маңызды мәселелерді талқылауды, тәжірибені ой елегінен өткізуді қамтиды. Яғни, бақылаудың, тәжірибенің, ойлау мен талқылаудың нәтижесінде алынған ақпаратты ойлауға, бағалауға, талдауға және синтездеуге бағытталады. Сыни тұрғыдан ойлау – Қазақстандағы білім беруді дамыту үшін маңызды болып табылатын қазіргі ең басты педагогикалық түсінік. Бұл модуль оқушылардың да, мұғалімдердің де сыни тұрғыдан ойлауды дамытуды саналы және оймен қабылдауын көздейді. Осы ойды негізге ала отырып, сабақ барысында оқушыларым берілген сұрақтарға мен күтпеген жауаптар бергендігін және оның жауабы мені ойландырып тастағандығын айта аламын. Сонда бұл жерде – оқушы мен мұғалімнің сыни ойлауы қатар дамып отыратындығына көзім жетті.

Оқушыға сыни тұрғыда ойлау арқылы білім алуына себепкер ретінде мұғалім де сыни тұрғыда ойлана отырып, жас ерекшелігіне байланысты, сыни ойлай алатын соған байланысты жауап бере алатын тапсырманы, оқушылардың ойларын дамыту мақсатында дайындау керектігін түсіндім. Мұнда ең әуелі оқушыдан бұрын мұғалім өзінің сыни көзқарасын дамыту қажет және оқушы орнына өзін қоя отырып, жұмыс жасау керек. Сонымен қатар, оқушыға берілетін тапсырмалар мен сұрақтарымызды сыртқы өмірмен байланыстыра отырып, оқушының сыни көзқарасын қалыптастыра алатындай жағдайда жасауымыз керек те, ашық сұрақ қою арқылы балама көзқарас тудырып, оқушы ойын одан әрі жалғастыра алатындай, дамыта түсетіндей қабілетке ие болуымыз керек.

Сабаққа қалай ықпалдастырамыз?

– Түрлі тәсілдерді шебер пайдалану арқылы оқушыларға пікірін еркін айтқызып және өздеріне деген сенімін арттыруға мүмкіндік туғызып, баланың тереңде жатқан ойын дамытып, сөйлеуге үйрету арқылы сыни ойлауға жол саламыз.

Сабақ барысында оқушының ойын дамыту мақсатында сыни тұрғыдан ойлатуға үйрету модулін әрбір сабағымның «Ой қозғау», «Мағынаны тану» кезеңдерінде қолданып отырдым.

Сын тұрғысынан ойлау стратегияларының әрқайсысының өзіндік мәні бар. Осындай әдістерге «Топтастыру» және «Венн диаграмма» жатады. «Топтастыруда» оқушы өзінің белгілі бір кейіпкер немесе зат, құбылыс туралы білгендерін жинақтайды. Ал, «Венн диаграммасында» белгілі заттар мен кейіпкерлерді салыстырады, олардағы ортақ жайды анықтайды.

Сыныптағы оқушылар диалогта да бір-бірімен жаңа және ең тиімді тәсілді іздестіре және мағына құрудың бірлескен тәсілдерімен әрекет ете отырып жұмыс жасайды. Кейде диалогтің соңы пікір-сайысқа да ұласып кетіп жатады. Демек, диалог арқылы да баланы сыни тұрғыдан ойлауға қалыптастыра аламыз.

Неге қол жеткіземін?

Оқушы:

Ш Өз ойын жүйелі жеткізе алады;
Ш Ортада сөйлеу дағдысы қалыптасады;
Ш Жан-жақты дами алады;
Ш Өз пікірін қорғай алады;

Мұғалім:

Ш Сабағыңның қызықты және сапалы өтуіне мүмкіндік береді.

Ш Оқушыларының қызығушылығы оянып, белсенділігі артады.

Жалпы алғанда ұстаз-рухани дамыған, ақпараттық құралдардың барлық түрін шебер меңгерген білікті маман болуы керек. «Ұстаз болу - өз уақытыңды аямай, өзгенің бақытын аялау»,- деп М.Әуезов айтқандай балаларымыздың болашағы үшін аянбай жұмыс жасасақ, еңбегіміз еш кетпейтініне сенімім мол.

# Ынтымақ — достық кепілі



***НАЗАРОВА Айымай Шоматовна,***
***№65 мектеп-гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі.***
***Нұр-Сұлтан қаласы***

Мақсаты: а) Балаларға 1-мамыр Халықтар бірлігі күні мерекесі екенін түсіндіру;

ә) Балаларды ынтымақтыққа, достыққа, өз Отанын сүюге, қорғауға, көп ұлтты халқымыздың тыныштығы мен бірлігін нығайтуға тәрбиелеу;

б) Балалардың достық қарым-қатынастарын қалыптастыру.

Көрнекілігі: а) Ұлттар достығын бейнелейтін суреттер мен нақыл сөздер, шарлар;

ә) Видео слайд.

Әнұран

Тәрбие сағатының барысы:

Сәлеметсіздер ме оқушылар! Біздің бүгінгі тәрбие сағатымыз «Ынтымақ – достық кепілі» деп аталады.

Отан - әр адамның жүрегіне жылы тиер қасиетті сөз. Адам жүрексіз өмір сүре алмайды. ОТАН - біздің туған жеріміз, өзіміздің туған-туысқанымыз, дос-жаранымызбен бірге тұратын еліміз.

Ағайын-туған бар адам,
Адалдық үшін жаралған.
Бар қымбат туыстық,
Баянды болсын тыныштық.

Жалпы қазақ халқының кең байтақ даласы бар. Осындай байлықтың қызығын көру үшін бізге тыныштық ауадай қажет. Қазыбек би бабамыз «Біз қазақ достықты жақтаған елміз, дәм-тұзды ақтаған елміз» деген.

Балалар, қазіргі сәтте Қазақстан Республикасын мекен еткен 130-дан астам ұлт өкілі күні бүгінге дейін ынтымақтастықпен, бір үйдің баласындай тату-тәтті жарасымды тіршілік етіп келеді. Жүзі басқа болғанымен жүрегі бір, тілі басқа болғанымен тілегі бір, мақсат-мүддесі ортақ, бірлігі мықты, достығы берік ұлттар қазақ елінің салт-дәстүріне, ұлттық құндылықтарына құрметпен қарайды, сондай-ақ қазақ халқының қарапайымдылығы, қонақжайлылығы, бауырмалдылығы үшін ерекше бағалайды. Біз олармен татумыз, доспыз және бір-бірімізбен қоян-қолтық аралас өмір сүрудеміз.

Тәуелсіз Қазақстанда мейрам 1996 жылдан бастап тойланады. 1 мамырды Қазақстан халқының бірлігі күні деп жариялау туралы бұйрыққа 1995 жылы 18 қазанында қол қойды. Бұл күні Қазақстан Республикасында тұратын халықтарды бірлікке, ынтымаққа ұйытатын мерекелік шаралар өткізіледі.

Қазақстан бүгінде достық пен туысқандықтың, ынтымақ пен ырыстың ордасына айналды. Мұнда ұлтына, нәсіліне қарамай барлық ұлт өкілдері бір-бірімен туысқандай болып кеткен. Қазақстан шаруашылығы мен мәдениетін дамытуға барлық ұлт өкілдері белсене қатысып, бірлесе еңбек етіп келеді. Сондықтан 1-мамыр Қазақстан халықтарының бірлігі күні болып аталады. Қазақстанда тұратын барлық ұлт өкілдері өздерінің бірлік, достық мерекесін бірге тойлайды.

1-ші оқушы:
Елтаңбасы елімнің,
Неткен әйбат әдемі.
Тұнығындай көңілдің,
Ортада аспан әлемі.

2-ші оқушы:

Жалауыма қарасам, көңілімді мақтаныш кернейді. Ол шарықтайды, көңіл қалықтайды. Жалауым – жасыл байрағым, әлемнің барша елдерімен терезе теңестіріп, асқақ желбіреп тұр.

3-ші оқушы:
Жарасқан байрақтың мәні бар,
Көк аспанда, күн-қыран сәні бар.
Көк байрақ ашық күн кеңісім,
Алтын күн белгісі жеңістің.

4-ші оқушы:
Заман жаңа, ел жаңа,
Күлімдейді кең дала,
Өз Астанам – өз Ордам,
Сүйенерім сен ғана!

5-ші оқушы:
Көрікті өлкеме қарашы,
Тізілген орман-тау, қаласы.
Алтай мен Атырау арасы,
Қазақтың кең-байтақ даласы.

6-шы оқушы:
Ақ-қара деп алдымен,
Елім бөлмес адамды,
Дәстүр, өнер салтымен,
Таңқалдырған ғаламды.
7-ші оқушы:
Достық бізге тым ыстық,
Бірлік-байлық, ырыс-құт.
Жарқырасын күніміз,
Жаса, жаса тыныштық.
Хор: «Достық» әні
Хормен:
Ақпыз,қара,сарымыз,
Ағайынбыз бәріміз.
Ортақ болсын асар тау,
Жеміс толы бақша-бау.
Болсын бізге жер мен су ортақ,
Болсын бізге ну ортақ.
Ақпыз, қара, сарымыз,
Ағайынбыз бәріміз!
Кері байланыс:

Оқушылар бүгінгі сабақтан алған әсерлерімен бөлісіп, өз ойларын жазбаша да, сурет түрінде де дәлелдеп отырды.

Осымен «Ынтымақ – достық кепілі» атты тәрбие сағатымыз аяқталды.

Балалар әрдайым достықты бағалап, қадірлей білейік!

Сау болыңыздар.



# Асыл әже

*ОРАЗКУЛОВА Мейрамкуль Баймаханқызы,*
*"Қызылжар" жалпы орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.*
*Түркістан облысы, Ордабасы ауданы*

| | |
|---|---|
| **Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)** | **5.3.5.1.** оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ақпараттарды сақтай отырып, жинақы мәтін жазу;<br>**5.4.3.1.** тура және ауыспалы мағыналы сөздерді, көп мағыналы сөздер, омоним, антоним, синонимдерді көркемдік ерекшелігіне сай қолдану (үндестік заңына бағынбайтын қосымшалар) |
| **Сабақтың мақсаты** | **Барлық оқушы орындай алады:**<br>Мәтінді мұқият тыңдайды, сұрақтарға жауап береді, сөздердің мағынасын түсіндіреді, үндестік заңына бағынбайтын қосымшаларды біледі.<br>**Оқушылардың басым көпшілігі орындай алады:**<br>Тыңдалым материалындағы ақпараттарды өмірмен байланыстырады, омоним, антоним, синонимдерді ажыратады.<br>**Кейбір оқушылар орындай алады:**<br>Тыңдалым материалындағы ақпараттарды өмірлік мәселелермен байланыстырады, өз көзқарасын білдіреді, сөздерді түрлендіріп орынды қолданып, сөйлемдер құрастырады, мысалдар келтіреді. |
| **Бағалау критерийі** | Тыңдалым материалындағы ақпаратты өмірмен байланыстырады;<br>омоним, антоним, синонимдерді ажыратады, үндестік заңына бағынбайтын қосымшаларды түрлендіріп орынды қолданады. |
| **Тілдік мақсаттар** | **Оқушылар орындай алады:** тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдыларын қолданады.<br>**Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер:** саясат, экономика, этнография, омоним, антоним, синоним, үндестік заңы.<br>**Диалог құру үшін қолданылатын тіркестер:** Екі әженің ұқсастығын, ерекшелігін салыстырады.<br>**Талқылауға арналған сұрақтар:**<br>- Ұлттық құндылықтарды дәріптеуде әженің атқаратын рөлі қандай?<br>- Адамдар ата-әжелерді қарттар үйіне өткізбеуі үшін не істеуіміз керек?<br>- Екі әженің айырмашылығы бар ма?<br>**Ишара:** қол қимыл мен бет әлпетінің қозғалысы. |
| **Құндылықтарға баулу** | Тарихтың, мәдениет пен тілдің біртұтастығы. |
| **Пәнаралық байланыс** | Тарих, география, әдебиет, ағылшын, орыс тілі, өнер |
| **Алдыңғы оқу** | Отбасы – ұлт құндылығы |

<table>
<tr><td colspan="3">Сабақ барысы</td></tr>
<tr><td>Сабақтың жоспарланған кезеңдері</td><td>Сабақтағы жоспарланған жаттығулар түрлері</td><td>Ресурстар</td></tr>
<tr><td>Сабақтың басы<br>7 минут</td><td>I.Ұйымдастыру<br>А) Сәлемдесу. Оқушыларды түгелдеу. «Эпитет» әдісі арқылы ынтымақтастық атмосферасын құру.<br>Ә) Үш тілде санау арқылы үш топқа біріктіріп аламын.<br>Әр топтың басшысы сайланып, топ ережесімен таныстырамын.<br>Б) «Серпілген сауал» әдісі арқылы үй тапсырмасын сұрап аламын.<br>ҚБ: мадақтау арқылы қалыптастырушы бағалау жүргіземін.</td><td>Стикерлер, топ ережесі жазылған тақтайша, оқулық</td></tr>
<tr><td>Сабақтың ортасы<br>26 минут</td><td>II. Жаңа сабақ<br>Ойлау дағдысының деңгейі: білу<br>«Болжау» әдісі бойынша сұрақтар беріледі. Сол сұрақтарға жауап бере отырып, жаңа сабақтың тақырыбын оқушылардың өздеріне айтқызамын.<br>1. Бұл суреттен нені байқадыңыздар?<br>2. Бұл суреттің бүгінгі сабаққа қандай қатысы бар деп ойлайсыздар?<br>3.Ұлттық құндылыққа баулитын бірден-бір адам кім деп ойлайсыздар?<br>Әже<br>Әже дегеніміз – баланың ата-анасының шешесі, туыстық қатынасты білдіретін атау. Одан арғыларын үлкен әже және ұлы әже деп атайды. Әже - отбасының, ағайын-абысындардың бірлігін, татулығын сақтайтын сыйлы анасы, келіндердің тәрбиешісі. Отбасында әженің орны ерекше әрі қадірлі. Немеренің үлкенін бауырына басатын, немерелерді тәрбиелейтін балажан, барын беріп, бағып-қағып тәрбиелейтін, жанашыр, мейірімді жан.<br>Кесте бойынша үндестік заңына бағынбайтын қосымшалар туралы мағлұмат беріп,
<table>
<tr><td>-мен<br>-бен<br>-пен</td><td>-нікі<br>-дікі<br>-тікі</td><td>-гер<br>-кер</td><td>-қой<br>-паз<br>-гөй</td><td>-ов, -ова,<br>-ев, -ева,<br>-ин, -ина,</td><td>-хана<br>-кент<br>-стан</td><td>-жан<br>-тай<br>-еке</td></tr>
</table>
мысалдар келтіру арқылы жаңа сабақты түсіндіремін.
<table>
<tr><td>ұшақ+<br>пен<br>қалам+<br>мен</td><td>қала+н<br>ікі</td><td>заң-<br>гер<br>бап+<br>кер</td><td>сән+<br>қой<br>ақыл+гөй<br>әсем+паз</td><td>Ермек+<br>ова<br>Нұртаз+<br>ина</td><td>Дәрі+хана<br>Шым+кент<br>Өзбек+стан</td><td>Әке+тай<br>Аға+еке</td></tr>
</table>
Ойлау дағдысының деңгейі: түсіну<br>1-тапсырма. «ЖИГСО» әдісі бойынша берілген мәтін үзінділерін мұқият оқып шығыңыздар.<br>2-тапсырма. Топтық жұмыс.<br>Берілген мәтіннен тірек сөздерді тауып, мәтін тақырыбы мен идеясын анықтаңыздар.<br>Дескриптор:<br>«ЖИГСО» әдісі бойынша мәтін үзіндісін мұқият оқып шығады.<br>Берілген мәтіннен тірек сөздерді тауып, мәтін тақырыбы мен идеясын айтады.<br>ҚБ: «Отшашу» арқылы қалыптастырушы бағалау жүргіземін.<br>Ойлау дағдысының деңгейі: қолдану<br>2-топ. Бөпке әженің ерекшелігін анықтап, жинақы мәтін жазыңыздар.<br>Дескриптор:<br>«ЖИГСО» әдісі бойынша берілген мәтін үзіндісін мұқият оқып шығады.<br>Берілген мәтінге байланысты Бөпке әженің ерекшелігін анықтап, жинақы мәтін жазады.<br>ҚБ: «Отшашу» арқылы қалыптастырушы бағалау жүргіземін.<br>Ойлау дағдысының деңгейі: талдау<br>2-топ. А.Құнанбаевтің Зере әжесі мен Бөпке әженің айырмашылықтарын, ерекшеліктерін ескере отырып, мәліметтерді жинақтап, Венн диаграммасына түсіріңдер.<br>
<br>Дескриптор:<br>«ЖИГСО» әдісі бойынша мәтін үзіндісін мұқият оқып шығады.<br>Екі әженің айырмашылықтарын, ерекшеліктерін, ұқсастықтарын анықтайды.<br>Ұқсастықтары мен айырмашылықтарын ажыратады.<br>ҚБ: «Отшашу» арқылы қалыптастырушы бағалау жүргіземін.<br>Ойлау дағдысының деңгейі: жинақтау<br>3-топ. «Синквейн» әдісі бойынша бес жолды өлең құрастырыңдар.</td><td>Үлестірме қағаздар<br><br>Оқулықтағы мәтін<br><br>А4 форматты қағазы, кеспе қағаздары</td></tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| | **Дескриптор:**<br>«ЖИГСО» әдісі бойынша мәтін үзіндісін мұқият оқып шығады.<br>«Әже» сөзіне «Бес жолды өлең» құрастырады.<br>**ҚБ:** «Отшашу» арқылы қалыптастырушы бағалау жүргіземін.<br>**Ойлау дағдысының деңгейі:** қолдану<br>**2-тапсырма.** Жұптық жұмыс. Семантикалық картамен жұмыс жүргізіңдер. Берілген «бап, кейіп, қалам, ғарыш, қаржы, заң, саз» сөздерге (-гер, -кер) қосымшаларын жалғап, 2 мысал келтіріңдер.<br>Сөздердің түрі / Мысалы / Мысалы<br>Омоним<br>Антоним<br>Синоним<br>Үндестік заңына бағынбайтын сөздер<br>**Дескриптор:**<br>Берілген омоним, антоним, синонимдерді ажыратады, мысалдар келтіреді.<br>**ҚБ:** «Бас бармақ» әдісі арқылы бағалаймын.<br>**Ойлау дағдысының деңгейі:** жинақтау | Интернет, А4 форматты қағазы |
| **Сабақтың соңы 7 минут** | **Кері байланыс. «SMS»** әдісі арқылы бүгінгі сабаққа кері байланыс беріңіздер.<br>**Үйге тапсырма:** «Асыл әжем» деген өлеңді жаттап алыңыздар.<br>Сабаққа белсенді қатысқан оқушыларды мақтау мен марапаттау арқылы қалыптастырушы бағалау жүргізіледі. | стикерлер |

Кірістірілген кесте:

| Сөздердің түрі | Мысалы | Мысалы |
|---|---|---|
| Омоним | | |
| Антоним | | |
| Синоним | | |
| Үндестік заңына бағынбайтын сөздер | | |



# Таулы жер өсімдіктері мен жануарлары

*ЖУБАКОВА Шынар Еркинбековна,*
*№69 Бескепе негізгі орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі.*
*Түркістан облысы, Сайрам ауданы*

| | | | |
|---|---|---|---|
| **Сабақ мақсаттары** | **Барлық оқушылар:** | | |
| | Таулы жер өсімдіктері мен жануарлары туралы біледі. | | |
| | **Оқушылардың басым бөлігі:** | | |
| | Таулы жер өсімдіктері мен жануарлары тақырыбына байланысты тапсырмалар орындайды. | | |
| | **Кейбір оқушылар:** | | |
| | Тақырыпқа талдау жасайды | | |
| **Тілдік мақсат** | **Оқушылар:** Өз ойларын түсіндіреді, топтық, жұптық жұмыстар арқылы жауапкершілікке дағдыланады, өз бетімен білім алуға үйренеді. | | |
| | **Негізгі сөздер мен тіркестер:** | | |
| | Арнайы, арнайы емес | | |
| | **Сыныптағы диалог/жазылым үшін пайдалы тілдік бірліктер:** | | |
| | Талқылауға арналған тармақтар: | | |
| | Таулы жер өсімдіктері мен жануарларына мысал келтір. | | |
| | Сіз неліктен ......... екенін айта аласыз ба? | | |
| | Тақырып неге таулы жер өсімдіктері мен жануарлары деп аталған, айта аласыз ба? | | |
| **Алдыңғы оқу** | Сулы жер өсімдіктері мен жануарлары | | |
| **Жоспар** | | | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған жаттығулар (төменде жоспарланған жаттығулармен қатар, ескертпелерді жазыңыз)** | | **Ресурстар** |
| **Басы** | | **Ұйымдастыру кезеңі:** Шаттық шеңберде **«Ризамын»** тренингі оқушылармен сәлемдесу, түгелдеу.<br>**Топқа бөлу:** оқушыларды 3 топқа «**Капитан**» ойыны арқылы топтарға бөлінеді. Топ басшысын сайлау.<br>1-топ<br>2-топ<br>3-топ арқылы өз жұптарын тауып, бір топ болып құралу. | Сурет қиындылары<br>Үлестірме парақшалар |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>
Үй тапсырмасын тексеру: «Иә, жоқ» стратегиясы арқылы жүреді<br>
I топ:
<table>
<tr><th>№</th><th>Сұрақтар</th><th>Иә</th><th>Жоқ</th></tr>
<tr><td>1</td><td>Қандай су қоймаларын білесің?</td><td></td><td>+</td></tr>
<tr><td>2</td><td>Сулы жерде өсетін өсімдіктерді ата?</td><td>+</td><td></td></tr>
</table>
II топ:
<table>
<tr><th>№</th><th>Сұрақтар</th><th>Иә</th><th>Жоқ</th></tr>
<tr><td>3</td><td>Тіршілігі сумен байланысты жануарларды ата?</td><td>+</td><td></td></tr>
<tr><td>2</td><td>Сүңгуір қоңыз немен қоректенеді?</td><td></td><td>+</td></tr>
</table>
III топ:
<table>
<tr><th>№</th><th>Сұрақтар</th><th>Иә</th><th>Жоқ</th></tr>
<tr><td>5</td><td>Сулы жерде жүретін құстарды ата?</td><td>+</td><td></td></tr>
<tr><td>6</td><td>Өз өлкеңде қандай су қоймасы бар?</td><td></td><td>+</td></tr>
</table>
Ой қозғау (тақырыпқа байланысты презентация көрсетіледі).<br>
Проблемалық сұрақ:<br>
Таулы жер өсімдіктері мен жануарлары туралы не білесің?<br>
Таулы жерлердегі мекендейтін құстар туралы не айта аласың?<br>
Оқушыларды сабақ мақсатымен, жетістік критерийлерімен таныстыру.<br>
Жетістік критерийлері:<br>
1. Таулы жер өсімдіктері мен жануарлары туралы айта алады.<br>
2. Таулы жерлердегі мекендейтін құстар туралы біледі.
</td>
<td>Интербелсенді тақта<br><br>Слайдтар</td>
</tr>
<tr>
<td>Орта-сы</td>
<td>
Топтық жұмыс: «Джигсо» әдісі тақырыпты бөліп беру арқылы жүргізіледі.<br>
1-топ: Таулы жер өсімдіктері;<br>
2-топ: Таулы жер жануарлары;<br>
3-топ: Таулы жер құстары.<br>
Бағалау: тапсырма критерийлері арқылы бағалау.<br>
1. Тақырыпты толық аша алады;<br>
2. Нақты мәліметтер келтіре алады.<br>
Кері байланыс:<br>
1. Шағын топта бірлесіп жұмыс жасаған ұнады ма?<br>
2. Бірлескен жұмыс барысында таулы жер өсімдіктері мен жануарлары туралы мәліметтер ала алдың ба?<br>
Жұптық жұмыс: «Дейін, кейін» кестесін толтыру.
<table>
<tr><th>Дейін<br>(Жаңа тақырыпқа дейін таулы жер өсімдіктері мен жануарлары туралы не білесіз)</th><th>Кейін<br>(Жаңа тақырыптан кейін таулы жер өсімдіктері мен жануарлары туралы не білдіңіз)</th></tr>
<tr><td>1.</td><td>1.</td></tr>
<tr><td>2.</td><td>2.</td></tr>
<tr><td>3.</td><td>3.</td></tr>
<tr><td>4.</td><td>4.</td></tr>
</table>
Бағалау: жұптардың арасындағы өзара бағалау (смайлик арқылы)
</td>
<td>Плакат, маркер, стикер, қосымша мәліметтер, оқулық дүниетану<br><br>Бағалау парағы<br><br>Үлестірме парақшалар, интербелсенді тақта</td>
</tr>
<tr>
<td>Соңы</td>
<td>
Топпен жұмыс:<br>
Ментальді картамен жұмыс<br>
1-топ<br>
Таулы жерде өсетін өсімдіктер.<br>
2-топ<br>
Таулы жерде жүретін жануарлар.<br>
3-топ<br>
Таулы жерлерде жүретін құстар.<br>
Жеке жұмыс: «Екі жұлдыз, бір ұсыныс» арқылы мұғалім тарапынан бағаланады (Сабақтан тыс)<br>
Кері байланыс. «Рефлексия тақташасы»
<table>
<tr><th colspan="3">Рефлексия</th></tr>
<tr><td>Маған ұнады</td><td>?</td><td>Маған қиын болды</td></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td></tr>
</table>
Үйге тапсырма: Таулы жер өсімдіктері мен жануарларын қорғау, оқу. Ақпарат көздерінен қосымша деректер жинау.
</td>
<td>Үлестірме парақшалары<br><br>Рефлексия тақташасы, стикер</td>
</tr>
</table>



# Ж. Баласағұн "Құтты білік"

*ҚАРСЫБАЕВА Айгүл Төлегенқызы,*
*Түркістан облысы Жетісай ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні әдіскері.*

| | |
|---|---|
| **Сабақ негізделген оқу мақсаттары** | 9.3.1.1 шығарманы басқа өнер түрлеріндегі осы мазмұндас туындылармен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалау; |
| **Сабақ нәтижесі:** | **Оқушылардың барлығы мынаны орындай алады:** шығарманы басқа өнер түрлеріндегі осы мазмұндас туындылармен салыстырады.<br>**Оқушылардың көбісі мынаны орындай алады:** тарихи және көркемдік құндылығын бағалайды.<br>**Оқушылардың кейбіреуі мынаны орындай алады**:<br>Оқулықтан тыс берілген қосымша тапсырмаларды орындайды, тақырып бойынша қосымша мәліметтер мен дәлелдер келтіре алады. |
| **Бағалау критерийі** | - шығарманы басқа өнер түрлеріндегі осы мазмұндас туындылармен салыстырады.<br>- тарихи және көркемдік құндылығын бағалайды.<br>- оқулықтан тыс берілген қосымша тапсырмаларды орындайды, тақырып бойынша қосымша мәліметтер мен дәлелдер келтіре алады. |
| **Тілдік құзіреттілік** | әдеби шығарма. |
| **Ресурстар** | Оқулық, суреттер, кері байланыс, стикер. |
| **Әдіс-тәсілдер** | Сұрақ-жауап, әңгімелеу, түсіндіру, ойын, көрнекілік.<br>Рефлексия. |
| **Пәнаралық байланыс** | Қазақстан тарихы, музыка. |
| **Алдыңғы оқу** | Ж.Баласағұнның өмірі жайлы біледі. |

**Сабақтың жоспары**

| **Жоспарланған уақыт** | Сабақ барысы: | Ресурстар |
|---|---|---|
| **Басталуы**<br>**5 минут** | **Ұйымдастыру кезеңі 2 минут**<br>**Психологиялық ахуал қалыптастыру: 3 минут**<br>**«Өзі туралы кластер» тренинг**<br>Оқушылар танысу үшін өздері туралы кластерлер құрастыруы керек. Олар парақтың ортасындағы шеңберге өз есімдерін жазып, одан таралатын шеңберлерге өздерінің өмірінде маңызы бар бес негізгі рөлін жазады.<br>Мысалы: Жанұяның еркесі, адал дос т.б | «Өзі туралы кластер» тренинг, қағаздар, қалам |
| **Жаңа білім**<br>**12 минут** | **Білу және түсіну**<br>**Берілген мәтіндерді балалар оқып алады.**<br>Жүсіп Баласағұн – Орта Азияның белгілі ақыны. Туған жері – Жетісу жеріндегі Баласағұн қаласы. Бұрын бұл қаланы «Күз Орда» деп атаған. Жүсіптің әкесі ақын, өнерпаз кісі болған, Караханиттер мемлекетінің астанасы Баласағұн қаласында хан сарайында өлең айтып, күй шерткен. Жүсіп әкесімен бірге хан сарайында қызмет етіп, оның тәлімін алған. Бұл орта оның қоғамдық және жаратылыстану ғылымдарынан білім алуына көмегін тигізген. Жүсіп Баласағұнның ақын ретінде де, ғалым ретінде де танымал еткен – «Құтты білік» атты дидактикалық поэмасы. Бұл көне түркі тілінде жазылған, түркітілдес халықтардың ортақ мұрасы. | Оқулық, мәтіндер |
| **Ортасы**<br>**10 минут** | **Қолдану**<br>Оқулықтағы тапсырмаларды орындау<br>**Талдау**<br>**«Ыстық орындық»** орындық әдісі | Оқулық<br>«Ыстық орындық» әдісі, сұрақтар |

<table>
<tr><td></td><td>(Бір оқушы алдыңғы жақта, орындықтар оны айнала қоршай орналастырылады.<br>Жаттығудың сипаттамасы: Бір оқушы алға шығып өз пікірін айтып және тақырып бойынша сұрақтарға жауап береді. Сұрақты анағұрлым мазмұнды қылу үшін, оқушылар белгілі бір пікір бойынша бірлесіп алға шығып сөйлей алады.</td><td></td></tr>
<tr><td>Аяқталуы<br>Сабақты бекіту<br>10 минут</td><td>Синтез<br>Екі түрлі түсініктеме күнделігі.<br>Оқушылардан дәптердің бетін (не таратылып берген парақты) ортасынан вертикаль сызықпен бөлу сұралады. Мәтінді оқу барысында олар:
<table>
<tr><th>Бөліктің оң жағына</th><th>Сол жағына</th></tr>
<tr><td>Мәтіндегі қатты әсер еткен тұстарды, үзінділерді жазады.</td><td>Сол әсер еткен үзінділер жайлы пікір жазады (нені еске түсіреді, себеп-салдары қандай, қандай сұрақ бар т.б.)</td></tr>
</table></td><td>Екі түрлі түсініктеме күнделігі</td></tr>
<tr><td>Кері байланыс<br>3 минут</td><td>«Рефлексиялық шеңбер»<br>Оқушылар шеңберге тұрып, төмендегі сұрақтарға жауап береді.<br>Сабақ барысында көңіл-күйіңіз қандай болды? Неліктен?<br>Бүгін не білдіңіз? Сіз үшін не жаңалық болды?<br>Сабаққа қатысуыңызды қалай бағалайсыз?<br>Сабақта қандай қиындықтар туындады?<br>Сабақ аяқталғанда көңіл-күйіңіз қандай? Неліктен?</td><td></td></tr>
</table>

# ОЧИСТКА ГАЗОВ ОТ КИСЛЫХ КОМПОНЕНТОВ.

## КАТАЛИТИЧЕСКАЯ И СОРБЦИОННАЯ ОЧИСТКА ГАЗОВ



***АЛЖАНОВА Гульмира Килышбековна,***
***Преподаватель кафедры «Автоматизация и управление» политехнического колледжа.***
***Г. Шымкента***

**Тип урока:** комбинированный.

**Форма урока** - групповая форма работы

**Цели:**

**1.Обучающая** – Раскрыть основные источники загрязнения атмосферы и пути их сокращения.

**2.Развивающая -** Сформировать умения и навыки, необходимые для изучения экологического состояния окружающей среды.

**3.Воспитательная** – Совершенствовать навыки коллективной работы, научить созданию творческой и демократической обстановки, исключающей равнодушие к природе.

**Задачи**: Оценить экологическое состояние воздуха, воды, почвы.

**Оснащение урока: 1) наглядности -** фотографии в виде слайдов, карточки, термопленки, кубик, таблицы, схемы.

**2) оборудование -** компьютер, экран, интерактивная доска.

**Межпредметная связь - Органическая химия, ПАХТ.**

**Ход урока.**

1. Организационный момент.

Взаимное приветствие, проверка присутствующих , сообщение темы урока, цели урока.

2. Сообщение преподаватель.

Воздух – самое жизненно необходимое вещество на нашей планете.

Древне греческий философ Анаксимен первым предложил, что воздух является основным элементом, из которого состоит тело.

Другой древне греческии философ и ученый Аристотель говорил своим ученикам : «Природа не терпит пустоты». Аристотель делал неправильный вывод, что воздух сам по себе ничего не весит.

